# "Бек-Иса" бөбекжай-балабақшасы ЖШС 2017-2018 оқу жылының педагогикалық кеңестің хаттамалары

# Хаттама 1.

Мерзімі; 31.08.17ж. Қатысқандар:

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы бойынша түсіндірме жүргізу.
2. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту.
3. Мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесіндегі қолданатын педагогикалық техноло-гия түрлері.
4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып-тарын бекіту.
5. Жас мамандарға тәлімгерлер бекіту.

Тыңдалды: балабақша меңгерушісі: Г. Мутаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде „Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы" бойынша айтты. Үлгілік оқу бағдарламасы мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі отан-дық және шетелдік ғылым мен тәжірибелер-дің жетістіктерін ескере отырып әзірленген. Бағдарлама- мазмұны Мектепке дейінге тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы-ға бірдей стандарты және мектепке дейінгі педагогика мен жас ерекшеліктері психоло-гиясының негізгі ережелеріне сәйкес білім беру салаларын кіріктіру ұстанымдары ескеріле отырып, әзірленеді. Бағдарлама мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тәрбиелік дамы-тушылық, білімділік міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етеді. Бағдарламаның ерекшелігі қолайлы әлеуметтендіруге және балалардың қажетті дағдыларды игеруіне ықпал ететін, мектеп жасына дейінгі балалардың келешекті дамуын қамтамасыз ету болып табылады: Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктері-не сәйкес білім, білік және дағдыларын, рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру „Мәңгілік ел" жалпыұлттық идеясы негізде-ген жалпы адамзаттық құндылықтарға, Отан-шылдыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу.

Құрметті әріптестер сіз бен біз енді тек осы бағдарлама бойынша жұмыс жасаймыз. Барлық ұйымдастырылған оқу қызметтеріндегі білім салаларының мақсаттарын осы бағдарламадан алып жазасыздар.

Қолдарыңыздан осы үлгілік бағдарлама мен стандарт түсетін болын,- деп ескертіп, өз сөзін аяқтады.

2. Тыңдалды: балабақша меңгерушісі: Ғ. Мутаева сөз алды. Ол өз сөзінде балабақшаның жылдық жоспары мен оқу қызметінің кестесін бекіту мәселесіне тоқталды. Жаңа оқу жылының негізгі міндеттерді жоспарлады,
1. „Денсаулық" білім беру саласы.
2. „Таным" білім беру саласы.

Балаларды үздіксіз тәрбие мен білім беру нәтижесінде жеке тұлғаның алғашқы дағдыларын қалыптастырады. Сондықтан да мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру стандартына сай әр топтың жүктемесі бойынша оқу қызметтері түзіліп, бекітіледі. Оқу қызметінің кестесі бойынша жұмыс жоспарлары түзілді. Сонымен қатар балабақшаның күн тәртібі қаралып, талқыланып бекітілді.

3. Тыңдалды: Балабақша әдіскері: Н. Ерубаева. Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ. Мақсаты мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Кез-келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.
Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірнеше түріне тоқталайық.
1) Ойын арқылы оқыту технологиясы. Ойын - әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.
2). Проблемалық оқыту технологиясы.
3) Өздігінен даму технологиясы.
4) Ынтымақтастық педагогикасы.
5) Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы. Модульдік оқыту технологиясы.
6) Мультимедиялық электронды оқулықтар бала үшін де, тәрбиеші үшін де жарнаға дамытылып отыратын анық түрдегі әдіс-с түйе болып табылады.
Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсат- баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыруы. Балада танымдық қызығушылығының болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына,

жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.
Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.
Тәрбиеші - бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

4. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі: Г. Мутаева сөз алды. Ол өз сөзінде тәрбиеленушілердің шығармашылық тақырыптарын бөліп бекіту туралы тәрбиешілердің шығармашылығын дамыту жан-жақты іздену мақсатында төмендегідей шығармашылық тақырыптар бөлініп берілді.

5. Тыңдалды: балабақша меңгерушісі: Г. Мутаева сөз алды, жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер таныстырылды. Одан әрі жас мамандарды ұйымдастырылған оқу қызметін жақсы өткізуге мүмкіндік беретін ерекшеліктермен таныстыру жүргізілді. Жас мамандарға еңбек тәртібі, өзін-өзі ұстау мәдениеті және қоғамдық жұмысқа белсене араласу, педагогикалық ортамен байланыс орнату мәселелері ескертілді. Жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер өздеріне бөлінген жас мамандармен жүргізетін жұмыс жоспарларын таныстырып өтті.

Шешімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасымен үнемі жұмыс жасалынсын.
2. Балабақшаның жылдық жоспары оқу іс-әрекетінің кестесі бекітілсін.
3. Педагог тәрбиешілер үнемі ізденіп, білімдерін шыңдасын.

4. Тәрбиешілерге бекітілген шығармашылық тақырыптары бойынша жыл бойы жұмыс жүргізілсін.

5. Тәлімгерлер жас мамандармен жұмыс жасасын.

Төрайымы, б/б меңгерушісі: Г. Мутаева.
Хатшы, б/б әдіскері: Н. Ерубаева.

Хаттама №2.

Өрзімі: 04.10.2017ж.  Қатысқандар: 8.

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Бала ойыншықтарына санитарлық-гигиеналық бақылау жасау. (баяндама).
3. Бала тәрбиелеудегі ҙимылды ойындардың маңызы. (тақырыпты тексерудің қорытындысы).
4. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша.

1. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі: Ғ. Мутаева сөз алып, өткен №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Өткен кеңестің шешімі бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.
2. Тыңдалды. Балабақша мейірбикесі: А. Джексенбаева „Бала ойыншықтарына санитарлық-гигиеналық бақылау жасау" тақырыбында өз баяндамасын оқыды. (баяндамасы бар).
3. Тыңдалды. Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: Ғ. Мутаева сөз алды. Ол кісі балабақшада „Бала тәрбиелеудегі қимылды ойындардың маңызы". Жас тобында болып өткен тақырыптық тексерудің қорытындысы жайлы айтты. Бақылау мен басшылық ерте жас тобында болып өтілді. Ерте жас тобы өз жас ерекшеліктеріне сай қимылды ойындарды ойнады. Тәрбиешілер бұл топтағы балалар өте кішкентай болғандықтан ұйымдастырылған оқу қызметінің көп бөлігі және де күн тәртібінің көп бөлігі ойынмен өтіледі. Ол орынды деп айта аламын. Себебі, 1 жастағы бүлдіршіндерді ойын әрекетімен ғана тәрбиелеуге болатын шығар деп ойлаймын. Сонымен бұл тақырыптың тексерудің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берер едім.
4. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі мониторинг жүргізу бойынша айтып өтті. 2017-2018 оқу жылында республиканың мектепке дейінгі

ұйымдарында түрлі кезеңдерде баланың даму динамикасын анықтауға, педагогтың болашақ алдағы амалдарын белгілеуге, баланың жеке дамуы үшін қажетті жұмыста жүргізуге мүмкіндік беретін біріктірілген мониторинг енгізіледі. Мониторинг жүргізу үшін индикаторлар жартыжылдық бойынша білім беру салаларынан күтілетін нәтижелер болып табылады. Мониторинг жүргізудің басты тәсілі баланың күнделікті өмірінде жүргізілетін бақылау тәсілі болып табылады.

Диагностика оқу жылының басында, ортасында және аяғында:
- бастапқы - қыркүйекте;
- аралық - қаңтарда;
- қорытынды - мамырда жүргізіледі.

Бастапқы бақылау алдыңғы жас тобындағы мәліметтер (II жартыжылдықтың күтілетін нәтижелері) негізінде жүргізіледі. Осы диагностика негізінде тәрбиеші психолог және педагог-мамандармен бірге Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтайды, сондай-ақ, балаға педагогикалық қолдау қажет ететін жұмыстың міндеттері анықталады.

I-жартыжылдықтың қорытындысы бойынша аралық диагностика (қаңтарда) жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері бойынша Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру деңгейі анықталады және баланың алдағы даму бағдары белгіленеді.
Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейдің болуын болжайды:

1-деңгей - бала сол немесе басқа қимылдарды қайталай алады;
2-деңгей - бала не істеп жатқанын түсінеді;
3-деңгей - бала өзінің жасай алатынын қолданады.

Мониторинг нәтижелері бақылау парағында (5-қосымша) толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасын салалармен жұмыс істейтін педагогтар, мамандар толтырады және оны баланың мектепке дейінгі ұйымда болған барлық уақытында жүргізеді.
Топтық бақылау парағын тәрбиеші мектепке дейінгі ұйым бойынша жинақ есепті (7-қосымша) құрастыру үшін әдіскерге береді.

Шешімі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. Бала ойыншықтарына санитарлық-гигиеналық бақылау жасалынсын.
3. Тақырыпты тексерудің қорытындысының анықтамасына жақсы деген баға берілсін.
4. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша жұмыстар жасалынсын.

Төрайымы: б/б меңгерушісі [signature] Ғ. Мутаева.
Хатшысы, б/б әдіскері : [signature] Н. Ерубаева.

Хаттама №3.

Мерзімі: 14.12.17ж. Қатысқандар: 8

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Тәрбиешілердің жарты оқу жылына есеп беруі.
3. Серуеннің жас ерекшелігіне қарай ұйымдастырылуы. (баяндама)
4. Балалардың дене дамуының көрсеткіштерін сараптау. Медбике есебі.
5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талдау

1. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі: Г. Мутаева сөз алып, өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Өткен кеңестің шешімі бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тәрбиешілер "Үлгілік оқу бағдарламасы" бойынша жұмыс жасап жатыр. Топтағы ойыншықтар апта сайын хлорланып, гигиеналық-тазалық жұмыстары жүргізіліп жатыр.

2. Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешілері сөз алды. Олар жарты жылдың оқу жылына есеп берді.
Сөз алғандар: тәрбиеші С. Абиева. 2017-2018 оқу жылының жартысы дерлік өтті. Бұл айларда біз біршама жұмыстарды атқардық. Күз мерекесіне орай өткізілген "Ең үздік топ – 2017" сайысына қатысып, әр сайысымыз өзімізге тиесілі жүлделермен орындарға ие болдық. Балалармен терең әрі күрделі жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Балаларға жаңадан қосылған білім салалары "Драма" және "Жаратылыстану" оқу қызметтері өте қызықты болып жатыр. Әсіресе зерделеу, зерттеу жұмыстарына қызыға қатысады.
Сөз алғандар: тәрбиеші Д. Канаева. Менің тобымның балалары кішкентай болғандықтарына қарамастан өте алғыр. Қараша айында біз "Емханаға" серуен жасадық. Серуеніміз өте қызықты өтті. Емхана қызметкерлері бізді жылы шыраймен күтіп алып шығарып салды.

3. Тыңдалды. Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол кісі серуеннің жас ерекшелігіне қарай топтарда ұйымдастырылуы жайлы баяндамасын оқыды.

Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып біледі. Баланың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын ояна отырып, педагог оны табиғатпен танысып қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен жануарларды қамқорлауға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді. Қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерту баланың қоршаған орта нысандарына танымдық қызығушылығын арттырумен тығыз байланысты. Баланың танымдық дамуы ойын барысында, табиғи нысандар мен құбылыстарға бақылау жасау, заттарды қарап, зерттеу кезінде, табиғат, пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу, еңбек және басқа да әрекеттер барысында жүзеге асады.

Серуен кезінде ұйымдастырылатын бақылау үлгілері тәрбиешіге баланы қоршаған ортамен таныстыруға, серуенді дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі. Серуен - мектепке дейінгі мекемеде бала әрекетін ұйымдастырудағы режимдік сәттердің негізгі бөлігінің бірі.

Серуеннің мақсаты - бала денсаулығын нығайту, шаршаудың алдын-алу, денесін шынықтыру, түрлі әрекеттер нәтижесінде организмде болған функционалдық өзгерістерді реттеп, қалыпқа келтіру.

Серуеннің міндеті; қарапайым жағдайда организмді шынықтыру;

Мектеп жасына дейінгі баланың физикалық даму деңгейін арттыру; Баланың қимыл белсенділігін арттыру;

Баланың танымдық, көркем - эстетикалық, әлеуметтік - тұлғалық дамуына ықпал ету.

Серуен, түрлері (өтілу орнына қарай);

1. Балабақша аумағында;
2. мдм-нің территориясынан аулаққа жаяу серуен (ересек топтар 2 километрге дейін).

Тыңдалды: Балабақша мейірбикесі Б. Қалыбекова сөз алды. Ол балабақшадағы балалардың дене дамуының көрсеткіштерін сараптау жайында айтып өтті. Мектепке дейінгі мекемеде баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған алуан түрлі формалары мен тәсілдері бар. Осындай кешенді іс-шаралар жалпы „Денсаулық сақтау технологиялары" деп аталады. Баланы тәрбиелеу және оқыту этаптарындағы денсаулығын нығайту және сақтауды қалыптастыруға бағытталған бар білім балаларымен өзара байланысты және өзара әрекеттеседі.

Дене бітімінің дамуының көрсеткіштері, бала-

лар организміне қоршаған ортаның тигізетін әсерінің дәрежесін анықтаумен бірге, сауықтандыру шараларының тиімділігі туралы пікір айтуға да мүмкіндік береді. Жеке баланың, немесе ұжымның дене бітімінің даму дәрежесі, бағалы гигиеналық көрсеткіш болғандықтан, балалар мен жасөспірімдердің морфологиясы ішкі факторлардың да, сыртқы факторлардың да әсерін көрсетеді. Сондықтан да және қолданылып жүрген тәсілдердің қарапайымдылығы мен арзандығына байланысты, балалар мен жасөспірімдерге дүниеге келген күннен бастап, жыныстық ер жету кезеңіне дейін антропометриялық байқауларды міндетті түрде жүргізу керек. Сондықтан, дене бітімінің дамуын бағалағанда бой ұзындығын, дене салмағын және кеуде шеңберін міндетті түрде зерттеу керек. Арнаулы, терең жүргізілетін зерттеулерде дененің әртүрлі бөліктерінің ұзындығы, диаметрі, сан, иық, білезіктерінің шеңбері қосымша өлшенеді. Ұжымның дене бітімінің дамуын, жеке жас мөлшері топтарының негізгі антропометриялық белгілерінің және олардың өзгерістерінің орташа арифметикалық өлшемдерін есептеп шығару арқылы бағалайды.

5. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Э. Мутаева сөз алды. Ол кісі қазан, қараша айларында өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талқылады. Қазан айында бізде I-кіші топта және ортаңғы топта ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері болды. Тәрбиешілер дайындығы жақсы. Оқу қызметі өз деңгейлерінде өтті. I-кіші топ тәрбиешісі ауылға саяхатта, әжейдің көмегімен үй жануарларын балаларға түсіндіре алды. Ауылға барар жолда дене жаттығуларын жасады. Ал ортаңғы топ болса „Денсаулық" білім саласы бойынша жақсы ұйымдастырылған ашық сабақ көрсете алды. Ал қараша айында II-кіші топ және ерте жас топтары ашық ұйым-қ оқу қызметін өтті. Екі топтың да жоспарлары бала жас ерекшелігіне қарай ұйымдастырылған. Тәрбиешілер өткізген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне жақсы деген баға берер едім.

Сөз алғандар: б/б әдіскері Н. Ерубаева. Дұрыс айтасыз жақсы өтті, Дегенмен де кемшіліктер бар. Бір айта кететін нәрсе уақытты үнемдеңіздер және білім салаларына көрнекіліктер көбейтіңіздер.

## Шешімі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. Балабақшада серуен дұрыс ұйымдастырылсын.
3. Балалардың дене дамуын жақсарту жұмыстары үнемі жасалынып отырсын.
4. Өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне жақсы деген баға берілсін.

Төрайымы; ББ меңгерушісі: Ғ. Мутаева.
Хатшы, ББ әдіскері: Н. Ерубаева.

# Хаттама №4.

Мерзімі: 16.02.18ж. Қатысқандар: 8.

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы
2. "Балабақшада инновациялық білім беру құралдарын қолданудың маңызы" (баяндама).
3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау. Тісін алмау.
4. Ағылшын ұйымдаст-н оқу қызметінен талдау.

1. Тыңдалды. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды, өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы айтты. Балабақшада әр топ өз жас ерекшеліктеріне сай уақтылы серуенге шығып жатыр. Серуенде бала денсаулығын нығайту жұмыстары жасалынып жатыр. Серуен кезінде бақылау мен еңбек жасалынып жатыр.

2. Тыңдалды. Екінші мәселе бойынша балабақшада II-кіші тобының тәрбиешісі А. Байраханова сөз алды. Ол кісі жаңа инновациялық білім беру жайында айтты. Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы – мектепке дейінгі ұйымдардан басталған дұрыс. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер мектеп алды даярлау үздіксіз білім беру жүйесіндегі маңызы мен өзектілігі ерекше мәселелердің бірі болып саналады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарына, аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивті бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі-

мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін бастар алдында әрі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технологиялық бағытта дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нысаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды деп дана халқымыз бекерден бекер айтпаса керек.

„Инновациялық технологиялар-бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің; оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамалық байланысқан жаңа міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

3. Тыңдалды. Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол кісі „Балалардың Өмірі мен денсаулығын қорғау" тақырыбында пікір алмасу болатындығын айтты.

Құрметті әріптестер! Бізге балаларын аманат етіп ата-аналар тапсырады. Сол себепті баламен жұмыс жасаған өте-өте мұқият болу керек. Олармен аулаға серуен жасағанда, ойнағанда, жаттығулар жасатқанда, және де шығарып салып жатқанда әр бір балаға мұқият болыңыздар. Балаларды мектепке дайындауда психологиялық, өзіс-еркіндік, батылдық, шешімділік тәрбиелерін бала бойына сіңіріп, оларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру шешуші роль атқарады. Сондай-ақ, балаларды мектепалды даярлықтан өткізу барысында оқыту мен тәрбиелеудің төрт міндеті қарастырылады.

Бірінші міндет: әлеуметтік дамуда баланың үлкендермен қарым-қатынасы және өз құрбы-құрдастар мен баланың ой-өрісінің қалыптасу мүмкіндіктері көзделеді / өз отанына, отбасына жақынын салт-дәстүріне көңіл бөлу жолдары қарастырылады.

Екінші міндет: танымдық даму барысында мына міндеттер ерекшеленеді: айнала қоршаған өмір мен таныстыру мәселелерін түйіндеу, оның тәсілдері мен қасиетін сезіну.

Үшінші міндеті: әсемдік даму эстетикалық барысында оларға деген сүйіспеншілік пен көркемдік танымды қалыптастырады.

Төртінші міндеті: дене тәрбиесі дамуында салауатты өмір салтын қалыптастыру дене мәдениетінің жан-жақты сүтімі мен дұрыс дамуы, өзін қоршаған орта мен байланысы, өз денсаулығына, ауру-сырқау т.б. қауіп қатерден сақтану қарастырылады.

Біз осы төрт міндетті ойдағыдай орындасақ саналы болашақ тәрбиеленіп жатырмыз деп сенуімізге болады.

Балалар әлі сәби, мен әрсенің байыбына бара бермейді. Көп нәрсені түсіне білмейді ұшқалақ. Сондықтан өте абай болыңыздар, деп, әдіскер өз сөзін аяқтады.

Сөз алғандар: балабақша тәрбиешісі: Д. Канаева, иә дұрыс айтасыз әріптес біздің кіші топтағы балаларға абай болу керек оларды киіндіріп жіберсең болды далаға, көшеге қарай шапқылайды.

Сөз алғандар: тәрбиеші: З. Айтқараева. Менің бір ұсыныс айтқым келіп отыр. Балабақша ұжымы ата-аналарды ұйымдастырып, балаларының балабақшадағы өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс-шаралар жиі өткізіліп тұрады. Ата-аналар оқу әрекетіне қатыса отырып, өз балаларын жан-жақты зерттеп танып, не толғандырып жүргенін, не қажет екенін біле алады.

4. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Ә. Мутаева сөз алып, болып өткен ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері жайлы айтып, талқылады. Маған ең ұнағаны ерте жас тобының сурет салғандары. Олар өздері кішкентай ғана және де кішкентай саусақтарымен бояу салған қандай қызық. Қалған топтар да оқу қызметін жақсы өткізді. Айгүл апай су жайлы эксперимент жасады. Ол қандай керемет! Балалардың қызығушылықтары оянды. Ортаңғы топ табиғат әлеміне саяхат жасады. I-кіші топ балалары болса барлық көліктер түрін біледі екен, бағдарламамен таныстым. Мен жалпы өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне өте жақсы деген баға бергім келіп отыр.

Сөз алғандар: балабақша әдіскері Н. Ерубаева: мен тек ұсыныс айтып кетсем деп отырмын. Ерте жас тобында бояумен жұмыс жасағанда және II-кіші топ эксперимент жасағанда тазалық шаралары жасалынсын. Сулы сүлгілер жиналып қойылсын,

Шешімі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.

2. Балабақшада тәрбиешілер оқу қызметін жоспарлағанда жаңа технологияларды ұйым-н.

3. Балалардың өмірі мен денсаулығына басты назар аударылсын.

4. Өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне өте жақсы деген баға берілсін.

Төрайымы, б/б меңгерушісі: Э. Мұтаева.
Хатшы, б/б әдіскері: Н. Ерубаева.

Хаттама №5.

Мерзімі: 14.05.2018ж. Қатысқандар: 8.

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі.
3. Асханадағы кезекшілік жұмысты ұйымдастыру. (салыстыру тексеру).
4. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын бекіту.
5. Ашық сабақтарды талдау.

1. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі: Г. Мутаева сөз алды. Барлық топ тәрбиешілері өткен кеңес шешіміне байланысты тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметтерін сапалы әрі балаларға түсінікті түрде өтуде. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында жұмыстар жүйелілікпен жүргізіліп жатыр.

2. Тыңдалды. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері: Г. Мутаева сөз алды. Тәрбиешілерге оқу жылының басында шығармашылық тақырыптары берілген. Енді сол тақырыптарда олар қалай ізденді, қандай жетістікке жетті, сол мақсатта тәрбиешілер есеп береді. Тәрбиешілер жеке-жеке өз шығармашылық тақырыптарын қорғап шықты. Шығармашылық жұмыстары тиісті папкаға салынды.

3. Тыңдалды. Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: Г. Мутаева сөз сөйледі. Наурыз айында II-кіші топ және ортаңғы топтарда "Асханадағы кезекшілік жұмысты ұйымдастыру" тақырыбында салыстыру тексеру болып өткен болатын. Салыстыру нәтижесінде жас ерекшеліктерін ескере келе ортаңғы топқа жақсы деген баға берілді. II-кіші топта кезекшілікті жақсы ұйымдастырды. Ол топ бір күнге екі кезекшіден қойған. Ол да дұрыс деп ойлаймын. Бала достықты, бауырмашылдықты және де бір-біріне әрқашанда көмек қолын созуға дайындалады.

4. Тыңдалды. Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: Г. Мутаева сөз сөйледі. Жаз мезгілінде баланың денсаулығын қалыптастыру үшін бірнеше факторлар әсер етеді. Табиғаттың өзінің табиғи факторларын қолдана отыра (күн, су, ауа) ағзаның қорғаныс

…қабілетін арттыруға жол ашады. Әртүрлі іс-шаралар, спорттың мерекелер, қызықты ұлттық қимылды ойындар балалардың денесінің дамуы, шынығуына көп септігін тигізеді. Сол себепті біз балабақшада күн тәртібін жаз мезгілінің күн тәртібіне ауыстырамыз. Оны мейірбике, психологпен келісе отыра, балаларға қызғылы түрін ұйымдастырып, түзіп, бекітеміз.

Бесінші мәселе бойынша балабақшамыздың меңгерушісі, әдіскері Г. Мутаева былай деді: Сәуір айында тәрбиешілер бірнеше ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізген болатын. Сол оқу қызметтері жайлы қорыта айта кететін болсам, ерте жас тобы мен I-сіші топ тәрбиешілеріне әліде көбірек жұмыс жасау керек. Балаларды өздеріңізге баурап алыңыздар! Яғни, байланыстарыңызда, сөздік қорларыңызды байытыңыздар, көп ізденіңіздер.

Шешімі:

1. Тәрбиешілер шығармашылық тақырыпта әлі де ізденсін.
2. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспары бекітіліп, жұмыстар жүргізілсін.
3. Топ тәрбиешілері балалармен көп жұмыс жасап, көп ізденісте болсын.

Төрайымы, б/б меңгерушісі: Г. Мутаева.
Хатшы, б/б тәрбиешісі: Н. Ерубаева.

# "Бек-Иса" бөбекжай-балабақшасы ЖШС 2018-2019 оқу жылының педагогикалық кеңестің хаттамалары

Хаттама №1.

Мерзімі: 31.08.18ж. Қатысқандар:

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту.
2. 2018-2019 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу, оқыту үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хат пен мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты түсіндіру (енген өзгерістер мен өзгертулер туралы).
3. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.

1. Тыңдалды: меңгеруші м.у.а Э. Анарбаева сөз алды. Ол сөзінде балабақшаның жылдық жоспары мен оқу қызметінің кестесін бекіту мәселесіне тоқталды. Жаңа оқу жылының негізгі міндеттерді жоспарлады.
   1. "Денсаулық" білім беру саласы.
   2. "Коммуникация" білім беру саласы.

Балаларды үздіксіз тәрбие мен білім беру нәтижесінде жеке тұлғаның алғашқы дағдыларын қалыптасады. Сондықтан да мектепке дейінгі біліммен алғашқы дағдыларын қалыптасады. Тәрбие беру стандартына сай әр топтың жүктемесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері түзіліп, бекітілді. Оқу қызметінің кестесі бойынша жұмыс жоспары түзілді. Сонымен қатар балабақшаның күн тәртібі қаралып, талқыланып бекітілді.

2. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі м.у.а: Э. Анарбаева сөз алды. Биыл бізде оқу бағдарламамызда жалпыға бірдей білім беру стандартымызда өзгерген. Біз енді "Зерек бала" "Алғашқы қадам", "Біз мектепке барамыз" үш білім беру бағдарламаларының орнына жаңа бағдарламаға әзірленді. Ол "мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы" деп аталады. Бағдарламаның мақсаты: балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне, қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарын "Мәңгілік ел" жалпы

мұнда жаңа ұйымдастырылған оқу қызмет-
тері бар. Біз енді ұйымдастырылған оқу
(қызметтері) деп атап, жоспарларымызға да
дәл осылай жазатын боламыз. Сонымен қа-
тар „Қатынас" білім саласы „Коммуникация"
білім саласы деп, оның ішіндегі „Тіл дамыту"
білім бөлімі „Сөйлеуді дамыту - Тіл дамыту"
білім бөлімі болып енгізілді. „Таным" білім
саласына „Жаратылыстану" білім бөлімі
енгізілді. „Шығармашылық" білім саласындағы
„Жапсыру" білім бөлімі „Аппликация" білім
бөлімі болып өзгертілді. Ұйымдастырған оқу
қызметінің ұзақтығы мен оқу жүктеме-
лерінде де өзгерістер бар. Олардың жұмыс
істеу барысында айтып / түсіндірме жұмыс-
тарын жүргіземіз.

3. Тыңдалды: балабақша меңгерушісі М.У.А.
сөз алды. Ол өз сөзінде тәрбиешілерді шығар-
машылық тақырыптарын бекіп бекіту
туралы тәрбиешілердің шығармашылығын
дамыту жан-жақты іздену мақсатында
тәрбиешілерге шығармашылық тақырып-
тар бөлініп берілді. Ол жылдық жоспарда
жоспар-қойған.

Шешім:

1. Балабақшаның жылдық жоспары оқу қызметі-
нің кестесі бекітілсін.
2. Педагог тәрбиешілер жаңа стандарт,
жаңа бағдарлама бойынша ізденіп, білім-
дерін шыңдасын.
3. Тәрбиешілерге бекітілген шығармашылық
тақырыптары бойынша жыл бойы жұмыс
жүргізілсін.

Төрайымы, б/б меңгерушісі М.У.А. [illegible] Анарбаева
Хатшы; б/б тәрбиешісі: [illegible] А. Байрахан

«БЕК-ИСА» БАЛАБАҚШАСЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

# Хаттама №2.

Мерзімі: 03.10.18ж. Қатысқандар: 10

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Бала ойыншықтарына санитарлық-гигиеналық бақылау жасау.
3. Бала тәрбиелеудегі қимылды ойындардың маңызы (тақырыптық тексерудің қорытындысы).
4. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың білімдері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша.

1. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі м.у.а: Г. Анарбаева сөз алды, ол өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Өткен кеңестің шешімі бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

2. Тыңдалды: балабақша мейірбикесі: А. Джексенбаева Бала ойыншықтарына санитарлық гигиеналық бақылау жасау тақырыбында өз баяндамасын оқыды.

3. Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі м.у.а: Г. Анарбаева сөз алды, Ол біздің балабақшада „Бала тәрбиелеудегі қимылды ойындардың маңызы" тақырыбында болып өткен тақырыптық тексерудің қорытындысы жайлы айтып өтті. Бақылау мен басшылық ерте жас тобында болып өтілді. Ерте жас тобы өз жас ерекшелігіне сай қимылды ойындар ойнады. Бұл топтағы балалар өте кішкентай, болғандықтан ұйымдастырылған оқу қызметінің көп бөлігі және де күн тәртібінің көп бөлігі ойынмен өтілеріне ойындар деп айта аламын. Себебі 1 жастағы бүлдіршіндерді ойын әрекетімен ғана тәрбиелеуге болатын сияқты деп ойлаймын. Сонымен бұл тақырыпты тексерудің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берер едім.

4. Балабақша меңгерушісі м.у.а: мониторинг жүргізу бойынша айтып өтті. 2018-2019 оқу жылында республиканың мектепке дейінгі ұйымдарында түрлі кезеңдерде баланың даму динамикасын анықтау және педагогтың балабақшадағы алдағы амалдарын белгілеуге баланың жеке

алуы үшін қажетті жұмысты жүргізуге мүмкіндік беретін бүгінгі мониторингтің негізделеді. Мониторинг жүргізу үшін индикаторлар жарты жылдық бойынша білім беру салаларынан күтілетін нәтижелер болып табылады. Мониторингті жүргізудің басты тәсілі баланың күнделікті өмірінде жүргізілетін бақылау тәсілі болып табылады. Диагностика оқу жылының басында, ортасында және аяғында:

- бастапқы - қыркүйекте;
- аралық - қаңтарда;
- қорытынды - мамырда жүргізіледі.

Бастапқы бақылау алдыңғы жас тобындағы мәліметтер (II-жартыжылдықтың күтілетін нәтижелері) негізінде жүргізіледі. Осы диагностика негізінде тәрбиеші психолог және педагог мамандарымен бірге үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтайды, сондай-ақ, балаға педагогикалық қолдау қажет ететін жұмыстың міндеттері анықталады.

I-жарты жылдың қорытындысы бойынша аралық диагностика (қаңтарда) жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері бойынша үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру деңгейі анықталады және баланың алдағы даму болашағы белгіленеді.

Мониторинг нәтижелері бақылау парағында толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасын балалармен жұмыс істейтін педагогтар, мамандар толтырады және оны баланың мектепке дейінгі ұйымда болған барлық уақытында жүргізеді.

Топтың бақылау парағын тәрбиеші мектепке дейінгі ұйым бойынша жинақ есепті құрастыру үшін әдіскерге береді.

Шешімі:

- Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
- Бала ойыншықтарына санитарлық-гигиеналық бақылау жасалынсын.
- Тақырыптық тексерудің қорытындысы анықтамасына жақсы деген баға берілсін.
- Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына

мониторинг жүргізу бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Төрайымы: б/б меңгеруші м.у.а Ә. Анарбаева
Хатшы: б/б тәрбиешісі Байраханова

«БЕК-ИСА» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ЖЕТІСАЙ АУДАНЫ
БЕК-ИСА

Хаттама № 3.

Мерзімі: 12.2018ж. Қатысқандар:

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Тәрбиешілердің жартыы оқу жылына есеп беруі.
3. Балалардың дене дамуының көрсеткіштерін сараптау. (Мобиле есебі)
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау.

1. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі м.у.а. Г. Анарбаева сөз алып, өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Өткен кеңестің шешімі бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тәрбиешілер үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жұмыс жасап жатыр.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешілері кезекпен сөз алды. Олар жартыжылдық оқу жылына есеп берді.
Сөз алғандар тәрбиеші: А. Байраханова 2018-2019 оқу жылының жартысы дейін өтті. Күз мерекесіне орай өткізілген "Күз ару - 2018" атты іс-шара өз деңгейінде өтті. Ұйымдастырылған оқу қызметі де өте қызықты өтіп жатыр. Балалар ұйымдастырылған оқу қызметіне қызыға қатысады.
Сөз алған II-кіші топ тәрбиешісі: Д. Қонаева былай деді: Менің тобымның балалары кішкентай болғандықтарына қарамастан өте алғыр. Қараша айында "Емханаға" серуен жасадық. Емхана жұмысшылары бізді жақсы шырайлымен күтіп алып шығарып салды.

3. Балабақша мейірбикесі А. Дүйсенбаева сөз алды. Ол балабақшадағы балалардың дене дамуының көрсеткіштерін сараптау жайында айтып өтті. Мектепке дейінгі мекемеде баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған алуан түрлі формаларды мен тәсілдері бар. Осындай [illegible] іс-шаралар "[illegible] денсаулық сақтау технологиялары" деп аталады. Баланы тәрбиелеу мен оқыту этаптарын-

дағы денсаулығын нығайту және сақтауды қалыптастыруға бағытталған бар білім балаларымен өзара байланысты және өзара әрекеттеседі.

Дене бітімінің дамуының көрсеткіштері балалар организміне сыртқы ортаның тигізетін әсерінің деңгейін анықтаумен бірге, салауаттан дұрыс шараларының тиімділігі туралы пікір айтуға да мүмкіндік береді. Жеке баланың немесе ұжымның дене бітімінің даму дәрежесін бағалау гигиеналық көрсеткіш болғандықтан, балалар мен жасөспірімдердің морфологиялық жеке факторлардың да сыртқы факторлардың да әсерін көрсетеді. Сондықтан да және қолданылып жүрген тәсілдердің қарапайымдылығы мен арзандығына байланысты, балалар мен жасөспірімдерге дүниеге келген күннен бастап, жыныстық әр жетілу кезеңіне дейін антропометриялық байқауларды міндетті түрде жүргізу керек. Сондықтан дене бітімінің дамуын бағалағанда бой ұзындығын, дене салмағын және кеуде шеңберін міндетті түрде зерттеу керек. Арнаулы терең жүргізілетін зерттеулерде дененің әртүрлі бөліктерінің ұзындығы, диаметрі, сан, қол, білектерінің шеңбері қосымша өлшенеді. Ұжымның дене бітімінің дамуын жеке жас мөлшері топтарының негізгі антропометриялық белгілерінің және олардың өзгерістерінің орташа арифметикалық өлшемдерін есептеп шығару арқылы бағалайды.

4. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі м.у.а: Г. Анарбаева сөз алды. Ол кісі қазан, қараша айларында өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талқылады. Қазан айында бізде І-кіші топта және ортаңғы топта ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талқылады. Қазан айында бізде І-кіші топта және ортаңғы топта ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері болды. Тәрбиешілер өткізген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне жақсы деген баға берер едік.

Шешімі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2.
3. Балалардың дене дамуын жақсарту жұмыстары үнемі жалғасып жүрсін.
4. Өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне жақсы деген баға берілсін.

Төрайымы: б/б меңгерушісі м.у.а: Г. Анарбаева.
Хатшы: б/б тәрбиешісі: А. Байрақанова.

# Хаттама №4.

Мерзімі: 02.2019ж. Қатысқандар:

## Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Балабақшада инновациялық білім беру құралдарын қолданудың маңызы" (баяндама).
3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау (пікір алмасу).
4. Ашық ұйымдас-н оқу қызметін талқылау.

1. Тыңдалды. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі м.у.а: Ә. Анарбаева сөз алды. Ол кісі өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы айтты. Балабақшада әр топ өз жас ерекшеліктеріне сай уақытында серуенге шығып жатыр. Серуенде бала денсаулығын нығайту жұмыстары жасалып жатыр.

2. Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша II-кіші тобының тәрбиешісі А. Байрақанова сөз алды. Ол кісі жаңа инновациялық білім беру жайында айтты. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылыми негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Сурет балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер мектеп алды даярлау үздіксіз білім беру жүйесіндегі маңызды звено саналады. Сонымен қатар мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарына, аудио, видео құралдар, компьютерлер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивті бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлы және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу қызметін бастар алдында жеке көрнекіліктер дайындамаған болар еді. Ал мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді.

3. Тыңдалды. Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол кісі „Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау" тақырыбына пікір алмасу болатындығын айтты.
Құрметті әріптестер! Бізге балаларын аманат етіп тапсырады. Сол себепті балалармен жұмыс жасағанда өте мұқият болу керек. Олармен аулаға серуен жасағанда, ойнағанда, жаттығу жасатқанда және шығарып салып жатқанда әрбір балаға мұқият болыңыздар. Балаларды мектепке дайындауда психологиялық өріс еркіндік, батылдық, табандылық тәрбиелерін бойына сіңіріп, оларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру шешуші роль атқарады. Сондай-ақ балалардың мектеп алды даярлықтан өткізу барысында оқыту мен тәрбиелеудің төрт міндеті қарастырылады.

Бірінші міндет: Әлеуметтік дамуда баланың үлкендермен қарым-қатынасы және өз құрбы-құрдастарымен баланың ой-өрісінің қалыптасу мүмкіндіктері көзделеді.

Екінші міндет: танымдық даму барысында – айнала қоршаған өмір мен таныстыру мәселелерін түсіндеу, оның тәсілдері мен қасиетін сезіну.

Үшінші міндет: Әсемдік даму эстетика барысында өмірге деген құштарлық пен көркемдік танымды қалыптастырады.

Төртінші міндет: дене тәрбиесі дамуында салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене мәдениетінің жан-жақты күтімі мен дұрыс дамуы дін қоршаған орта мен байланысы, өз денсаулығына, ауру-сырқау. т.б. қауіп-қатерден сақтану қарастырылады. Біз осы төрт міндетті ойдағыдай орындасақ, саналы балалар тәрбиелеп жатырмыз деп сенуімізге болады.
Балалар әлі сәби, ешнәрсенің байыбына бара бермейді. Көп нәрсені түсіне білмейді, ұшқалақ. Сондықтан өте абай болыңыздар.

4. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі м.д.а: Ә. Анарбаева сөз алып, болып өткен ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері жайлы айтып, талқылады. Ұйымдастырылған оқу қызметтердің барлығына жақсы деген баға берелік.

## Шешім:

- Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
- Балабақшада тәрбиешілер оқу қызметін жоспарлағанда жаңа технологияларды қол-н.
- Балалардың өмірі мен денсаулығына басты назар аударылсын.
- Өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне өте жақсы деген баға берілді.

Төрайымы, б/б мең. м.у.а: Ә. Анарбаева.

Хатшы, б/б тәрбиеші: А. Жайрахова

# Хаттама №5.

Мерзімі: 05.19ж. Қатысқандар:

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беру.
3. Асханадағы кезекшілік жұмысты ұйымдастыру
4. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын бекіту.
5. Ашық сабақтарды талдау.

1. Тыңдалды, Балабақша меңгеруші м.ұ.а: Г. Анарбаева сөз алды. Барлық топ тәрбиешілері өткен кеңес шешіміне байланысты тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметтерін сапалы әрі балаларға түсінікті түрде өтуде. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында жұмыстар жұмылдыра жүргізіліп жатыр.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері: Г. Анарбаева сөз алды. Тәрбиешілерге оқу жылының басында шығармашылық тақырыптары берілген, енді сол тақырыптарда олар қалай ізденді, қандай жетістікке жетті сол мақсатта тәрбиешілер есеп берді. Тәрбиешілер жеке-жеке өз шығармашылық тақырыптарын қорғап шықты. Шығармашылық жұмыстары тиісті папкаға салынды.

3. Тыңдалды. Балабақша меңгеруші м.ұ.а: Г. Анарбаева сөз алды. Наурыз айында II-кіші топ және ортаңғы топтарда "Асханадағы кезекшілік жұмысты ұйымдастыру" тақырыбында салыстыру, тексеру болып өткен болатын. Екі топқа өз бағалары берілді.

4. Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгеруші м.ұ.а: Г. Анарбаева сөз алды. Жаз мерзімде баланың денсаулығын қалыптастыру үшін бірнеше факторлар әсер етеді. Табиғаттың дінің. табиғи факторларын қолдана отыра

(күн, су, ауа) ағзаның қорғаныс қабілетін арттыруға жол ашады. Әртүрлі іс-шаралар спорттық мерекелер, қызықты ұлттық ойындар балалардың денесінің дамып шынығуына көп септігін тигізеді. Сол себепті біз балабақшада күн тәртібін жаз мезгілінің күн тәртібіне ауыстырамыз. Оны медбике, психологпен кеңесе отыра, балаларға ыңғайлы түрін ұйымдастырып, түзіп, бекітеміз.

Бесінші мәселе бойынша балабақшамыздың меңгерушісі м.у.а, әдіскері: Ә. Анарбаева былай деді. Сәуір айында тәрбиешілер бірнеше ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізген болатын. Қорыта айта айтатын болсақ ерте жас тобы мен II-кіші топ тәрбиешілеріне көбірек жұмыс жасау керек. Балаларды өздеріңізге баулап алу керек. Тіл байлықтарыңызды, сөздік қорыңызды байытыңыздар, көп ізденіңіздер.

## Шешімі:

1. Тәрбиешілер шығармашылық тақырыптары да көп ізденсін.
2. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарлары бекітіліп, жұмыстар жүргізілсін.
3. Топ тәрбиешілері балалармен көп жұмыс жасап, көп ізденісте болсын.

Төрайымы, б/б меңгерушісі м.у.а: Ә. Анарбаева
Хатшы, б/б тәрбиешісі: Н. Байраханова

Бекітемін;
2019 жылдың «19» тамыз
айында №1 педагогикалық
кеңесте бекітілген
б/б меңгерушісі:
Г.Мутаева

# "Бек-Иса" бөбекжай балабақшасы ЖШС 2019-2020 оқу жылының педагогикалық кеңестің хаттамалары

**Педагогикалық кеңестің № 1 хаттамасы**

**29.08.2019 ж** **қатысқандар-**

Күн тәртібінде :

1 .Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстарды қорытындылау іс-шаралар есебі.
2.Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметін бекіту. Өтпелі тақырыптарды, вариативті компоненттерді бекіту.
3. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығын енгізу.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту
5. «Балалар жарақатының алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар» .

**Тыңдалды:** Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі:Анарбаева Гульсара тәрбиешілердің жазғы маусымда сауықтыру шаралары, мерекелік іс-шараларына есеп беріп өтті.
Сөйлегендер- Искакова Айдана Жазғы маусым сауықтыру, шынықтыру шараларына көп мүмкіндіктер беретін кез, ауа, күн, су ванналарын қабылдап, еркін ойнап, таза ауада түрлі сайыстар өттік. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеп, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеп, шынықтыру мақсатында түрлі ойындар «Арқан тартыс», «Көңілді доптар» , «Құрсаудан құрсауға секіру» ойындары т.б. ойындар ұйымдастырылды.
Тәрбиеші Сағынгалиева Л: Кішкентай бүлдіршіндермен жаз қызығы туралы әңгімелесіп, түсініктерін молайтып, әсем табиғатты сезініп, балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлауда сайқымазақтармен бірге «Ұшты-ұшты» ойынын ойнап қуану, шаттанумен бірге іс-қимылдарын да дамыту қарастырылды. Балалардың қол қимылдарын дамыта отырып, құмның қасиеттерімен таныстырып, ойлау мен танымын жетілдіруде құммен, сумен ойындарда қалашықтар салып қуанышқа бөленді.
Тәрбиеші Айткараева З Балалардың жолда жүру ережелері туралы түсініктерін жалғастыра отырып, зейінін, ойлау қабілеттерін, байқағыштық, жанашырлыққа тәрбиелеуде «Абайла балақай» атты іс-шараларымен бірге сумен зерттеу ойындарын өттік.
Сонымен бірге басқа тәрбиешілер де сауықтыру шараларын ауа ваннасын күнделікті кіші топтардан бастап су құю шарасын су температурасын 36 С-тен

28 С-ке шейін төмендете, сулы шүберекпен сүртіну, жалаң аяқ құмда жүру, таза ауада серуендеу мен ойындар ұйымдастырылғаны жөнінде есеп беріп өтті.

Балабақша меңгерушісі:Анарбаева Г Жаңа оқу жылының басталуымен педагогтарды құттықтай отырып, ҚР «Білім туралы Заңын», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту»мемлекеттік стандарт ережелерін негізге ала отырып оқу тәрбие жұмысын жүргіземіз,-деді. Әрбір педагог балалардың жас ерекшелігін ескере отырып , осы мақсаттарға жетуде еңбек етеміз және бекітілген күн тәртібін сақтап, кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізіледі, –деп сөзін аяқтады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 557 бұйрығына сәйкес оқу үлгілік бағдарламасы бойынша 2019-2020 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту мәселесіне тоқталды.

«Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, әр топқа арналған күн тәртібін және сабақ кестесін түздік. Белгіленген күн тәртібін сақтап,жұмыс жүргізесіздер, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесі ұзақтығы сақталуы тиіс. Ата – аналарды, балаларды күн тәртібі бойынша жүруге үйретейік.

Балалардың сабаққа, ойынға ықыласын арттыруда көрнекіліктер,ойыншықтардың атқарар рөлі зор.Ұйымдастырғанда көңіл бөліп, жауапкершілікпен карауларыңызды талап етемін» деді.

Балабақша ұжымы үнемі балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды, қауіпсіз болуын естен шығармаған. Педагогтарды балабақшаның тәрбиеленушілерінің білім-біліктілік деңгейі мониторинг нәтижесіне қарай таңдап алынған алдағы жаңа оқу жылына белгіленген мақсат-міндеттерімен таныстырып өтті.Сонымен биылғы жылдың мақсаты:

**«Денсаулық » білім саласы**

1.Денсаулық сақтау технологияларын ендіру арқылы , балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту.

2. Түрлі шынықтыру және сауықтыру шаралары арқылы дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, қауіпсіз мінез-құлықтарының қалыптасуына ықпал ету.

3. Әуенге сәйкес музыкалық- ырғақты қозғалыстар және жаттығуларды дұрыс орындауға үйрету.

4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мәдени-гигеналық дағдыларын қалыптастыру.

**«Шығармашылық» білім саласы**

1.Балалардың әдеттен тыс әдістерді колдану арқылы шығармашылығын дамыту, сұлулыққа , тазалыққа тәрбиелеу.

2.Мектепке дейінгі балаларды әсемдікке тәрбиелеу арқылы жан – жақты және үйлесімді дамыту.

**«Әлеумет» білім саласы**

1.Әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын игеруді, қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын, өзінің отбасы мен құрбыларына жақындық сезімін,оларға құрметпен карауды калыптастыру. Тәртіп ережелерін, күн тәртібіне дағдыландыруға үйрету.

Сонымен бірге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспарына сәйкес ортаңғы топта вариативтік компонент енгізілген. Балалрдың жас ерекшелігіне , қызығушылығына қарай вариативтік компонент белгіленді. Ортаңғы «Айгөлек» тобы сәрсенбі күні 1 сағат- Драма, Ересек «Күншуақ» тобы сейсенбі 1 сағат- Еңбекке баулу, жұма 1 сағат- Зерттеу-іздестіру ойындары. Белгіленген үлгілік оку жоспары, ұйымдастырылған оку қызметінің кестесі, , күн тәртібі, өтпелі тақырыптары мен вариативтік компонент бойынша оку-тәрбие үдерісі күнделікті тиянақты жүргізілуін тапсырды. 1 маусымнан 31 тамызға дейін сауықтыру кезеңі, жаз айларында білім беру үдерісін қайталау тапсырылды.

**Тыңдалды** : Үшінші мәселе бойынша әдіскер Анарбаева Г сөзге шықты. Ол өз сөзінде : Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде жұмыс жасаймыз. Оқу нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптармен таныстырып өтті. Үлгілік бағдарламаның мазмұны жайлы айтып өтті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын «Денсаулық» , «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген.

«Денсаулық» білім беру саласындағы ұйымдастырылған оқу қызметі:

1) Дене шынықтыруды

2) қауіпсіздік мінез-құлықтарын камтиды.

«Қатынас» білім беру саласы:

1) сөйлеуді дамытуды

2) көркем әдебиетті

3) сауат ашу негіздерін

4) қазақ тілін (орыс тілін оқитын топтарда), орыс тілін (қазақ тілін оқитын топтарда) және шет тілдерінің бірін

5) драманы

6) әліппені қамтиды. (2020 жылдың 1 қыркүйегінен)

«Таным» білім беру саласы:

1) сенсориканы ( 1 жастан 3 жасқа дейінгі бөбек жасы топтарында), математика негіздерін

2) құрастыруды

3) жаратылыстануды қамтиды.
«Шығармашылық» білім беру саласы:
1) сурет салуды
2) мүсіндеуді
3) жапсыруды
4) музыканы қамтиды.
«Әлеумет» білім беру саласы:
1) өзін-өзі тануды
2) қоршаған ортамен таныстыруды
3) экология негіздерін қамтиды.
Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптармен таныстырды.
Оқыту мерзіміне қойылатын талаптармен таныстырды.
Жас кезеңдері мен жас топтары мынадай:
1)ерте жас-1жас
2) кіші топ-2 жас
3) ортаңғы топ-3 жас
4)ересек топ-4 жас
5) мектеп алды даярлық топ-5 жас

**Тыңдалды:** Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: Анарбаева Г сөйледі: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту жөнінде түсіндірілді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту тақырыбындағы кеңесте үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілгендей баланың өмірін қорғауды, денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін дамытушы заттық-кеңістік құру, дене дамуына жағдайлар туындату, ықпал ету, жас ерекшелігіне сай денсаулық технологияларын пайдалану туралы айтып өтті.
Балабақша меңгерушісі:Анарбаева Г тәрбиешілер арасында денсаулық саласының мазмұны мен міндеттері жөнінде сұрақ-жауап ретінде сайыс ұйымдастырды.Әдістемелік нұсқаулықта көрсетілгендей, білім беру процесін жоспарлауда, салауатты өмір салтына тәрбиелеу, командада жұмыс істей білу, денсаулық саласының сапалы өтуі жөнінде сұрақ-жауаптарға тәрбиешілер жауап берді.

**Тыңдалды:** Бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Анарбаева Г сөйледі. «Балалар жарақатының алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар» . Балалар жарақаты жылдан-жылға кемудің орнына керісінше өсуде, сондықтан ол көптеген жылдар бойы өзекті мәселе болып отыр. Балалар жарақаты олардың жас ерекшеліктеріне: өмірлік тәжірибесінің болмауына, өзін-өзі бақылаудың жетіспеушілігіне, көп қимыл-қозғалыс жасауына және білуге құмарлығына байланысты.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың зақымдануының негізгі себептері ересектер тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі, сондай-ақ жарақаттанудың алдын алу бойынша жұмыстың толықтай жүйелі түрде жүргізілмеуі.

Осыған байланысты мектеп жасына дейінгі балалар жарақатының алдын алу мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің өзекті мәселесі болып табылады.

Балалар жарақатының алдын алу мәселелері мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында қарастырылған.
Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты: мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына балалар жарақатының алдын-алуды ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсету.
«Балалар жарақаты негізгі түрлері», «Балалар жарақатының алдын алу шаралары» жайлы айтып өтті. Балалардың түрлі жас топтары арасында ұқсас жағдайларда қайталанатын дененің зақымдануын балалар жарақаты деп аталады. Себептері мен пайда болу жағдайларына байланысты зақымдануларды балалар жарақаттарының мынадай түрлеріне бөлуге болады:
- тұрмыстық;
- көше;
- көлік;
- спорттық;
- су.

Балалар жарақатының алдын-алуда педагогтар, ата-аналар, білім беру ұйымдарының қызметкерлері, санитариялық –эпидемиалогиялық бекеттер, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, әкімшілік, жол полициясы қызметкерлері үлкен рөл атқарады. Осы мақсатта әрбір мектепке дейінгі ұйымда балалар жарақатынының алдын-алу бойынша жылдық жұмыс жоспары жасалады және бекітіледі, онда мектеп жасына дейінгі балаларды жолда жүру ережелеріне үйрету бойынша педагогтармен ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс, балалармен, ата-аналармен жұмыс, заттық-дамытушы ортаны құру бойынша жұмыс, әлеуметтік серіктестермен өзара әрекет қарастырылады.
Мазмұнында балабақшадан тыс жердегі экскурсия мен серуендер кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық қарастырылуы тиіс.
Мектепке дейінгі ұйымда балалар жарақатының алдын - алу бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына қаланың (ауданның) жол полициясы бөлімі қызметкерлерімен бірлескен іс-шаралар енгізілуі тиіс. Балалар жарақатының алдын-алу бойынша мәселелер жиі педагогикалық кеңестерде және меңгеруші жанындағы әкімшілік кеңестерде қарастырылуы қажет.

Шешім :

1. Балабақшаның бекітілген жылдық жоспары, күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бойынша оқу-тәрбие жұмысының жүйелі жүргізілуіне бақылау жасау әдіскер Анарбаева Г жүктелсін.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы бойынша жұмыс жүргізілсін.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілсін. Тәрбиешілер денсаулық білім беру саласының мазмұны мен міндеттерін меңгеруде ізденіп, жұмыс жүргізілсін.

4. Балабақшада балалар жарақатынының алдын-алу бойынша жылдық жұмыс жоспары жасалсын және бекітілсін, онда мектеп жасына дейінгі балаларды жолда жүру ережелеріне үйрету бойынша педагогтармен ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс, жүргізілсін. Балалармен, ата-аналармен жұмыс жүргізілсін. Балабақшадан тыс жердегі экскурсия мен серуендер кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық жүргізілсін.

Төрайымы: Анарбаева Г
Хатшы : Искакова А

**Педагогикалық кеңестің № 2 хаттамасы**

31.10.2019 ж

**қатысқандар-9**

Күн тәртібінде

1. Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру.
2. «Балаларды өмір қауіпсіздік пен жолда жүру ережелерімен таныстыру.» (Тақырыптық бақылау).
3. Бастапқы мониторинг қорытындысының нәтижелері.
4. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерді талқылау.

**Тыңдалды:** Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде:
**Сөйледі:** Анарбаева Э. – балабақша әдіскері : Балабақшада бекітілген күн тәртібі, сабақ кестесі бойынша күнделікті жұмыс жүруде. Балаларға балабақшада ең бірінші қауіпсіз, санитарлық-гигеналық жағдай жасалып, апталық жүктеме саны, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы сақталып, балаларға физикалық , психологиялық ауырлық түспеу сәйкестігі сақталу керек. Балалар ойнап жүріп өзіне қажетті түсінік, ұғым, білім мен дағдылар алуы керек. Барлығын ойын түрінде, жеңіл қабылдайтындай етіп өтудеміз.

Өткен кеңесте педаготармен «Балалар жарақатының алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар» жөнінде таныстырдық. Балабақшада балалардың зақымдануының негізгі себептері ересектер тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі, сондай-ақ жарақаттанудың алдын алу бойынша жұмыстың толықтай жүйелі түрде жүргізілмеуі. Тәрбиешілерге және тәрбиеші көмекшілеріне, медбикеге балалар жарақатының алдын-алуды ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсетілді. Осы мақсатта балабақшада балалар жарақатынының алдын-алу бойынша жылдық жұмыс жоспары жасалды және бекітілді, онда мектеп жасына дейінгі балаларды жолда жүру ережелеріне үйрету бойынша тәрбиеленушілер мен ата-аналармен ашық есік күні өтілді. Балабақшадан тыс жердегі экскурсия мен серуендер кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықтар өтілді .Балалар жарақатының алдын - алу бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында балабақша жылдық жоспарына ауданның жол полициясы бөлімі қызметкерлерімен бірлескен іс-шаралар енгізіліп, жоспарланды.

**Тыңдалды:** «Балаларды өмір қауіпсіздік пен жолда жүру ережелерімен таныстыру.» (Тақырыптық бақылау). Балабақша әдіскері Анарбаева Э.

Көшедегі қауіпсіздік ережелерін балалардың бойында қалыптастыруда

оқытудың заманауи көрнекіліктері мен техникалық құралдар ерекше рөл атқарады. Олардың көмегімен педагог инновациялық бағыттарды іске асырады және қойылған міндеттерді шешеді. Балаларға жолда жүру ережесін үйретуді ұйымдастыру бойынша тәрбиешілерге көмек көрсетуде әдістемелік кабинетте жолда жүру ережелері бойынша бұрыш жасалды. Балаларға жолда жүру ережелерімен таныстыру мақсатында ашық есік күні өтілді. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінде сурет бойынша сипаттап, әңгімелер құрастыру арқылы, мультфильмдер көрсетілді.

Ересек «..Әмірова А....» тобындағы балалармен қызықты ойындар, логикалық есептер, жұмбақтар түрінде интеллектуалдық-ойындық әрекеттер өтілді.

Балаларға өзінің тұратын төңіректегі көлік құралдарының түрлерін ажырату, үйден балабақшаға, дүкенге, емханаға дейін немен баруға болатынын, ата-аналары қандай көлікті пайдаланатынын түсіндірді. Балаларды қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстырды: ақырын сөйлеу, тәртіп, тазалық сақтау, көлікте ересектерге, сәбилерге және мүгедектерге орын беру. Балалардың назарын есікке сүйенуге, есікті ұстауға (ашылып кетіп, саусақтарын, қолын қысып алуы мүмкін) болмайтындығына; автобус кенеттен тоқтауы мүмкін, сондықтан қозғалыс кезінде тұтқадан ұстау керектігін түсіндірді.

Ортаңғы «Айгөлек.........» тобында мақсатты серуен ұйымдастырылып балаларға жолдан өту тәртібімен таныстырды. Онда балалар бағдаршамның қызметін, жаяу жүргіншілер мен көліктің өзара әрекетін бақылады, жолдағы арнайы таңбалармен және жол белгілерімен танысты, тәрбиеші бір уақытта балалардың назарын жаяу өтпе жолға және оны белгілейтін белгіге аударды. Балаларға викториналық сұрақтар қойылды.

□ «Неге балаларға көшеге ересектерсіз шығуға болмайды?»
□ «Неге тротуарда ойнауға болмайды?»
□ «Жолдан өту кезінде қандай ережелерді сақтау керек?»
□ «Жол полициясы инспекторларының жұмысы туралы не білесіңдер?»
□ «Жол белгілері кімге арналған?»
□ «Қоғамдық көлікте өзіңді қалай ұстау керексің?» және т.б.

Ұйымдастырылған ашық есік күнінен кейін ата-аналармен сұхбаттар жүргізілді. Балалардың еліктегіш келетінін ересектердің ұмытпағаны жөн. Егер бала ересектердің жол ережесін бұзғанын көрсе, жалпы қабылданған ұсынымдарға немқұрайлы қараса, онда баладан бірдеңені талап ету жөнсіз, өйткені бала алдымен ересектерден үлгі алады.Үйден балабақшаға барар жолда ата-ана жол тәртібін бұзбай,балаға үлгі болу керек. Баласына көшеде жүру тәртібіне тәрбиелеу керек. Әр топта жол ережесі жайлы жылжымалы папка жасалған, стэндер ілінген.

Кіші «„Балдаурен"......»тобындағы балалар аулада, көшеде көрген заттарын таниды және атай алады: үй, машина, доп және т.б. Бұл жаста балаларды заттарды айыра білуге, қызыл, жасыл, сарыны бөліп, көлемі мен түсі бойынша атай білуге үйретуді жалғастыру қажет. Тәрбиеші түспен ғана таныстырып қоймай, сондай-ақ түстер ережесіне сәйкес жұмыс істеу керек («Поезд» қимылды ойынын өткізді.

- көшеде жалғыз жүруге болмайды, ата-аналармен немесе басқа ересектермен ғана жүруге болады;
- ересек адамның қолынан ұстап қана жолдан өтуге болатынын ұғындырды.

«Балапан.....» ерте жас тобында балаларды жолдың жүргінші бөлігін, тротуарды, жол жиегін айыруға, бағдаршамның жасыл мен қызыл белгілерінің мәнін түсінуге үйретті. Балаларды нақты ережелермен өз қимылдарын келісе отырып, кеңістікте бағдарлай білуге үйретеді (қызыл түске – тоқта, жасыл түске - жүр). Тротуар шетінде тоқтауға және жолға шықпауға үйрету. Көлік түрлерін айыра білуді үйретті.

**Ты н д а л д ы** : балабақша меңгерушісі м.у.а. Анарбаева Г бастапқы мониторинг қортындысымен таныстырып өтті. Педагогикалық диагностика – бұл баланың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру жағдайы деңгейін зерделеуге және білім беру процесін болжауға бағытталған педагогтың қызметі. Мониторингтің мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың дене, тұлғалық және интелектуалдық қасиеттерінің даму динамикасын анықтау. Сонымен бірге бастапқы мониторинг өткен оқу жылындағы қортынды мониторинг негізінде жасалынатынын айтып өтті. Балабақша бойынша мониторинг көрсеткіші І- төмен деңгейде 12 % , ІІ- орташа деңгейде 50 % , ІІІ- жоғары деңгейде 38 % болғанын айтып, алдағы жыл бойы жақсы нәтижелерге қол жеткізу керектігін айтып өтті. Тәрбиешілер келісім берді.

**Тыңдалды :** Келесі мәселе тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған оқу қызметі талқыланды.

Сөйлегендер : балабақша әдіскері ....Анарбаева Г.

Кіші «..Балдаурен.....» топ тәрбиешісі «Түстер әлемі» атты сурет салудан ұйымдастырылған оқу қызметін өтті.Топ таза, жарық, дамытушы орта құрылған, тәрбиешінің дайындығы жақсы. Көрнекіліктер үлкен әдемі етіп жасалған. Түстердің түрлерін көрнекіліктер арқылы, слайд арқылы көрсетіп, түсіндіріп берді. Балалрға ашық түсті бояуларға деген эмоциялы-эстетикалық қатынасын қалыптастыру мақсаттары қойылған. Балалар жалыққан жоқ, сергіту сәті де болды, жалпы іс – әрекеттер ауысып отырды.

Кіші «..Балдаурен.......» тобының тәрбиешісі ...Исаева Т.... өткен ашық сабағына тоқталсақ, ол балалармен көркем әдебиеттен «Ертегілер әлеміне

саяхат» тақырыбында ұйымдастырды. Балалар өте көңілді қатысты, ертегіні мұқият тыңдап, ондағы кейіпкерлерге жанашырлық сезім танытты. Көрнекілік құралдары бала санына сәйкес болды. Балалар берілген тапсырмаларды тыңдай білді және орындай алды. Берілген ойынға да балалар көңілді қатысты.

Ата аналардың қатысуымен «Менің отбасым» атты ұйымдастырылған оқу қызметі «Айгөлек» ортаңғы тобында өткізілді. Тәрбиеші Күйрахсиева алдын ала жүргізген жұмыстары көңілге қонарлық. Әр баланың отбасымен түскен суреттерінен кішкене көрме жасап, әр бала өз отбасы мүшелерін атап,жақсы көңіл-күйде отырды.Ата-анамен саулнамалар жүргізіп, баласын қаншалықты білетіні жайлы ойын да жүргізді. Балалар арасында ата-ана жайлы тақпақ, әже жайлы ән шырқалды. Ата-аналар жақсы әсер алып қайтты.

Шешім :

1. Бастапқы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс жүргізілсін.
2. Балаларға жолда жүру ережесін үйретуге арналған бұрыштар көрнекіліктермен толықтырылсын, жұмыстардың сапасы мен жабдықталуы қойылған талапқа сәйкес орындалу жауапкершілігі әдіскер Анарбаеваға жүктелсін.
3. Тәрбиеші .................................. сабағының әдіс - тәсілдері оқу – тәрбие үдесінде пайданылсын.

Төрайымы: Анарбаева Ә.
Хатшы : Искакова А.

**Педагогикалық кеңестің № 3 хаттамасы**

**20.12.2019 ж**

**қатысқандар-12**

Күн тәртібінде :

1. Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру.
2. «Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану.» ( Баяндама.)
3. Вариативтік компаненттің жоспарлануы және өту сапасы. ( Салыстырмалы тексеру қорытындысы. Ересектер тобында.
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерді талқылау.

**Тыңдалды:** Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде:

**Сөйледі:** Анарбаева Т. балабақша әдіскері : Балаларға жолда жүру ережесін үйретуге арналған бұрыштар көрнекіліктермен толықтырылды, жұмыстардың сапасы мен жабдықталуы қойылған талапқа сәйкес орындалды .

**Тыңдалды :** «Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану.» тақырыбында кіші топ тәрбиешісі Исаева Г. баяндамасын оқыды.

Баяндамада жазғы кезеңде балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселелерін шешу үшін құммен ойындар мен жаттығулар эмоционалдық және психикалық ашуды басуға көмектеседі. Басты назар жаз кезіндегі балалардың іс-әрекеттерінде құмнан салынатын құрылыстарды ұйымдастыруға аударылады.Бұл жұмысты ұйымдастыру барысында балалардың шығармашылық, зерттеушілік, қиялдары мен эстетикалық талғамдары дамиды.Құммен ойнау үдерісі баланаң көңіл-күйіне жағымды әсер береді.

**Тыңдалды :** Балабақша меңгерушісі м.у.а. Анарбаева Т. «Вариативтік компаненттің жоспарлануы және өту сапасы.» атты салыстырмалы тексеру қорытындысымен таныстырып өтті. «Куншуақ» ересектер тобында 36 сағат берілген. Мұнда ойындар, сахналық қойылымдар, санамақтар, жұмбақтар, бақылау және серуендер және сурет салу мен аппликация жұмыстарын орындау арқылы балалардың табиғатқа, қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттыру мақсаты алынған.

Ұсыныстар:Әр өсімдікпен таныстырғанда, сол өсімдікті бояу, дәстүрден тыс сурет салуға үйрету. Дала гүлдері, аула гүлдері, бөлме гүлдерін таныстыру.

«Күншуақ»ересектер тобында аптасына 1 сағат , 36 сағат жылына жоспарланған.Ұсыныстар: Мазмұнына, безендірілуіне,мән беріп, костюмдермен толықтыру.Берілген ойындардың шартын, мақсатын жазу.

Келесі мәселе тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған оқу қызметі талқыланды.

**Сөйлегендер :** балабақша әдіскері ...Анарбаева Ә.....

Ортаңғы «Айгөлек» топ тәрбиешісі ...Жиренчиева........«Табиғатты аяла» атты жаратылыстанудан ұйымдастырылған оқу қызметін өтті.Топ таза, жарық, дамытушы орта құрылған, тәрбиешінің дайындығы жақсы. Көрнекіліктер үлкен әдемі етіп жасалған. Табиғаттың құбылыстары жөнінде көрнекіліктер арқылы, слайд арқылы түсінік берді.Балаларға табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру мақсаттары қойылған. Балалар жалыққан жоқ, сергіту сәті де болды, жалпы іс – әрекеттер ауысып отырды.

Ересек «Куншуак» тобының тәрбиешісі ...Әмірова А....... өткен ашық сабағына тоқталсақ, ол балалармен дене шынықтырудан «Гимнастикалық отырғыштың үстімен тепе-теңдікті сақтау» тақырыбында ұйымдастырды. Балалар өте көңілді қатысты. Көрнекілік құралдары бала санына сәйкес болды. Балалар берілген тапсырмаларды тыңдай білді және орындай алды. Негізгі қимыл жаттығуларына гимнастикалық отырғыштың үстімен тепе-теңдікті сақтауды алған. «Қара жорға» әніне жаттығу жасатты.«Басқұр» ойынына да балалар көңілді қатысты.

«Балдаурен» кіші тобындағы жаратылыстанудан «Күннің шуақтары» ашық ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиеші ...Әмірова А... жақсы ұйымдастырған. Балаларды жылы түспен таныстыра отырып, түзусызықтар мен дөңгелек сызуды үйретті. Жылы және суық түстерді ажырата білуге үйретті.Тек көрнекілігі бала санына лайық емес, сабаққа дайындығы аз болды.

«Куншуак» ересектер тобында өткен «Сиқырлы пішіндер» атты ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиеші ...Әмірова А... жақсы өткізді.Геометриялық пішіндерден үйлер құрастырып, әр пішінді тапсырмалар арқылы таныстырып өтті..Балалар көңілді отырды, зейін қойып тыңдап, берілген тапсырмаларды жақсы орындады.

Шешім :

1. Балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсете отырып, құммен ойындар жазғы маусымға жоспарлау .

2. Ересек топтарының тәрбиешілері берілген ұсыныстар, кемшілікті түзетілсін.
3. Тәрбиеші ...Зиірова А..... ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өте жақсы деп бағалансын, әдіс - тәсілдері мен материалдар оқу – тәрбие үдерісінде пайданылсын.

Төрайымы: Анарбаева Г.
Хатшы : Искакова А.

## «Бек-Иса» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ
## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

### ХАТТАМА №1

**Өткізілген уақыты:** 29 тамыз 2020 жыл

**Қатысқандар саны– 13**

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшысын сайлау.
2. Балабақша педагогикалық ұжымын 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспарымен, оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен (вариативтік компоненттерді қосқанда), перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту. Жауапты әдіскер
3. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.
4. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту.
5. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту. Жауапты әдіскер Г.Анарбаева

**1. ТЫҢДАЛДЫ:**

Балабақша меңгерушісі: м.у.а Г.Анарбаева педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2020-2021 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Г.Анарбаева сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕН**: әдіскер Г.Анарбаева

2019-2020 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші сайлауды ұйғарды.

**ТЫҢДАЛДЫ:Балабақша меңгеруші:м.у.а Г.Анарбаева**

Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Анарбаева жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті.

Тәрбиешілер келелі мәселесі және өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын биылғы оқу жылының міндеттемесіне сәйкестендіріп өзгертіп алғандығын айтып әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:Г.Анарбаева** . Г.

Әдіскер жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген.Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

Тәрбиеші 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспарының барлық бөлімі нақты көрсетілген. Сондай-ақ балабақшаның жұмысын жетілдіруге және балабақшаның жаңа оқу жылына алған мақсат, міндеттерін шешуге бағытталған. Жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. Педагогтар 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша әдіскері: Г.Анарбаева

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына енгізілген өзгерістері туралы, үлгілік оқу жоспарына сәйкес түзілген ұйымдастырылған оқу қызметі кестесінің үлгісін және 2020-2021 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жоспарының құрылымын басшылыққа алып, жұмыс жүргізу үшін жолданған. Ал үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына келер болсақ, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген.

"Денсаулық" білім беру саласындағы ұйымдастырылған оқу қызметі:

1) дене шынықтыруды

2) қауіпсіз мінез-құлық негіздерін" қамтиды

"Қатынас" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

1) сөйлеуді дамытуды;

2) көркем әдебиетті;

3) сауат ашу негіздерін;

4) қазақ тілін (орыс тілінде оқытатын топтарда), орыс тілін (қазақ тілінде оқытатын топтарда) қамтиды.

"Таным" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

1) сенсориканы (бөбек жасы топтарында – 1-3 жас), математика негіздерін (мектеп жасына дейінгі топтарда – 3-6 жас);

2) құрастыруды;

3) жаратылыстануды қамтиды.

"Шығармашылық" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

1) сурет салуды;

2) мүсіндеуді;

3) жапсыруды;

4) музыканы қамтиды

"Әлеумет" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

1) өзін-өзі тануды;

2) қоршаған ортамен танысуды қамтиды.

. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар Үлгілік оқу жоспарларында белгіленеді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

1) ерте жас тобы (1 жастан бастап) – ұзақтығы 7-10 минуттан 7 сағат;

2) кіші топ (2 жастан бастап) – ұзақтығы 10-15 минуттан 9 сағат;

3) ортаңғы топ (3 жастан бастап) – ұзақтығы 15-20 минуттан 11 сағат;

4) ересек топ (4 жастан бастап) – ұзақтығы 20-25 минуттан 12 сағат;

5) мектепалды тобы, мектепалды сыныбы (5 жастан бастап) – ұзақтығы 25-30 минуттан - 17 сағат.";

Жас кезеңдері және жас топтары (балалардың жасы – 1 қыркүйектегі толық жасы) мынадай:

1) бөбек жасы – 0-3 жас:

нәрестелік жас – туғаннан бастап;

ерте жас – 1 жастан бастап (ерте жас тобы);

кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ);

2) мектепке дейінгі жас – 3-6 жас:

орта жас – 3 жастан бастап (ортаңғы топ);

ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ);

мектепалды жас – 5 жастан бастап (мектепалды тобы, мектепалды сыныбы).

**ТЫҢДАЛДЫ:** Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі:м.у.а Анарбаева Г сөйледі.

Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар балабақшада қашықтан оқытуды ұйымдастыру және жаңа оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін оңтайлы жағдайлар жасау мақсатында әзірленді. Мектепке дейінгі ұйымдарда ҰОҚ қызмет түрін ұйымдастыру санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларға байланысты анықталады,-деп қашық форматтағы ұйымдастырылған оқу қызметтеріне ұсынымдар оқып шықты.

1) ұйымдастырылған оқу қызметі (кеңестер)қашық форматта;

2) кезекші топтардың жұмысын ұйымдастыру;

1. Ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыру қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, үй жағдайында балаларға материалдар ұсынылады, ата-аналардың жетекшілігімен педагогтердің тапсырмаларын үйренеді және орындайды (ересек топтары)

2. Ата - аналардың өтініші бойынша кезекші топтарды ұйымдастыру-тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерінің келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде санитарлық талаптарды сақтай отырып, штаттық режимде оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру нысаны.

3. Топтарда Санитариялық қағидаларға сәйкес 15 минуттан артық емес қашықтықтан өтетін сабақтар жүргізеді.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша әдіскері Г.Анарбаева қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру туралы түсіндіріп өтті. Тәрбиешілер бейнесабақтар ретінде ересек топтарға өте алады. Ата аналарға арнайы чат ашып, оған сабақтың басталу күнін көрсете отырып, хабардар етеміз. Ересек топ тәрбиешілері қашықтықтан оқытуды жүргізу үшін әр отбасында қолжетімді байланыс түрлерінің, интернеті болған жағдайдайын ескеру керек. Бекітілген оқу кестесіне сәйкес қашықтықтан ұйымдастырылған оқу қызметін өткізеді;

«Математика негіздері»,«Қоршаған ортамен танысу» бойынша (күніне бір сабақ) тәрбиешінің қашықтан кіріктірілген сабақ кестесін құрылуы тиіс.

- ересек топ тәрбиешілері (WhatsApp желісі арқылы) топтар құрады, жас топтарын ескере отырып, бейнесабақтар, мультфильмдер, аудио-ертегілер жібереді.

Қашықтықтан сабақ ұйымдастыру үшін педагог балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, баланың өз бетінше орындауы үшін немесе ата-анасымен бірлесіп орындауы үшін ойын түріндегі тапсырмаларды алдын-ала дайындайды. Мысалы, сурет салудан саусақпен, мақтамен, жүнмен және т.б.

сурет салудың әдістерін көрсете отырып, алдын-ала дайындалған бейне материалды ұсынуға болады. Сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиеттен алдын-ала шығарманы, өлеңді оқып, сол аудио жазбаны қайталап айтуға, ал математика негіздері мен құрастырудан түрлі сюжетті-рөлдік және басқа да ойындар арқылы тапсырмалар ұсынуға болады. Ата-анамен баланың бірлескен әрекетін ұйымдастыруда түрлі челлендждер, жарыстар ұйымдастыруға болады.Ата-аналармен кері байланыс арқылы балалардың сабақты қабылдауын қадағалап отыру керек.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша меңгерушісі: сөйледі.Анарбаева Г

- еңбек заңнамасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның тыныс-тіршілігін және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлердің (әкімшілік, техникалық персонал) еңбек функцияларын қашықтықтан айқындаймыз.

- тәрбиеленушілердің қозғалысы, балабақша педагогтарының сапалық құрамы, материалдық база, балабақшаның техникалық қызметкерлері туралы мәліметтерді және басқаларды ҰБДҚ толтырып отыру менің міндетім.

- ҰОҚ кестесі құру, педагогтардың қызметі ұйымдастыру, топтың, тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен жеке кеңестерді жүргізу балабақша әдіскері А.Әмір және тәрбиешілерге жүктелсін.

Карантин талаптары сақтай отырып, мекемені дезинфекциялап, күнделікті жуып тазалау үшін кезекшілер тізімі құрылсын.

**ТЫҢДАЛДЫ: Искакова А** Күн тәртібінде қаралатын бесінші мәселе көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекітуге тоқталды. Сол себепті, тәлімгер тәрбиеші бекітілу керек деп ойлаймын. Осы туралы ойларыңызды айтсаңыздар.

**ТЫҢДАЛДЫ: Искакова А** Бесінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі топтарға жауапты тәрбиешілерді бекітті.

**ШЕШІМ:**

1. Педагогикалық кеңестің құрамына: балабақшаның меңгерушісі (төраға), әдіскер, музыка жетекшісі, психолог, тәрбиешілер бекітілсін.
2. Педагогикалық кеңестің хатшысы болып Анарбаева Г сайлансын.
3. 2020-2021 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
4. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективалық жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

Әшірова Алмагүл тәлімгер тәрбиеші болып тәрбиешілерге бекітілсін. Тәлімгер тәрбиешінің жас маманмен жұмыс жоспары құрылып, балабақшаның әдіскер кабинетіне тапсырылсын. Жауапты әдіскер.

Оқу жылы барысында дамыту орталықтарында барлық білім беру салалары бойынша көрнекіліктер мен құралдар толықтырылып, топ бөлмелері жыл мезгіліне байланысты безендірілсін. Жауапты топ тәрбиешілері.

Педагогикалық кеңес төрайымы Г.Анарбаева
Хатшы : Г.Анарбаева

## «Бек-Иса » БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

### ХАТТАМА №2

**Өткізілген уақыты:** 28 қазан 2020 жыл

**Қатысқандар саны– 11**

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен пед кеңес шешімінің орындалуы.
2. Баланың даму деңгейінің көрсеткіші.
3. Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту.
4. Бастапқы бақылау. Балалардың бастапқы білім деңгейін бақылау
5.«Балалардың бейнелеу өнерінен жұмыстарын зерттеу» (тақырыпты тексеру)

**ТЫҢДАЛДЫ:** Меңгеруші Анарбаева Г өз сөзінде №1 педагогикалық кеңесте:
1. 2020-2021 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін;
2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін;

**3.**Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарбойынша балабақшада қашықтан оқытуды ұйымдастырылды. ҰОҚ қашық форматта онлайн түрде тек ересектер тобында өтілуде. Карантин талаптары сақтай отырып, мекемені дезинфекциялап, күнделікті жуып тазалау үшін кезекшілер тізімі құрылып жұмыс жасауда.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕН**: Балабақша әдіскері Анарбаева Г

Жылдық жоспардың негізінде қыркүйек, қазан айларына айлық жоспарлар құрылып, балабақша қызметкерлері сол жоспарға сәйкес жұмыс жүргізді. Жылдық жоспарға қарай тақырыптық оқу қызметі, ата-аналарға кеңес, тәрбиешілерге арналған семинар, балалар жұмысынан көрме, №1 өндірістік отырыс, топтық және жалпы ата-аналар жиналысы әдістемелік отырыстар өттік.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Қазан айының айлық жоспарына сәйкес балабақшаның негізгі «Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту» міндетін шешу мақсатында тәрбиешілер ашық ұйымдастырылған оқу қызметін онлайн түрде өткізген болатын. Ол ашық оқу қызметіне арнайы комиссия құрылып бақылау жасалған. Енді осы

бақылаудың қорытындысы бойынша сөз кезегі әдіскерге беріледі деп сөзін аяқтады.
«Қарлығаш» тобының тәрбиешілері көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметінде ауыз әдебиетін пайдалана білді және баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту бойынша жұмыстар жүргізді. Балалар өздерінің жеке ерекшеліктері мен қабілеттеріне қарай белсенділік таныта білді.
Тәрбиешілердің «Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту» міндетін шешу мақсатында өткізген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері қанағаттанарлық деп есептелінсін. Осы міндетті шешуге байланысты ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен басқа да жұмыстарды жүргізу жалғастырылсын. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.
**ТЫҢДАЛДЫ:** балабақша меңгерушісі А.Әмір бастапқы мониторинг қортындысымен таныстырып өтті. Педагогикалық диагностика –бұл баланың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру жағдайы деңгейін зерделеуге және білім беру процесін болжауға бағытталған педагогтың қызметі. Мониторингтің мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың дене, тұлғалық және интелектуалдық қасиеттерінің даму динамикасын анықтау. Сонымен бірге бастапқы мониторинг өткен оқу жылындағы қортынды мониторинг негізінде жасалынатынын айтып өтті. Балабақша бойынша мониторинг көрсеткіші % болғанын айтып, алдағы жыл бойы жақсы нәтижелерге қол жеткізу керектігін айтып өтті. Балабақша тәрбиешілері бес білім беру саласы бойынша балалардың даму мониторингісінің қорытындысын баяндап есептерін тапсырды. Бес білім саласы бойынша балалардың даму мониторингі жақсы деп бағаланды.

**ТЫҢДАЛДЫ: «** Бейнелеу өнерінен балалар жұмысын зерттеу»тақырыпты тексеру қорытындысымен балабақша меңгерушісі Анарбаева Г таныстырып өтті.

«Күншуақ» ересек тобында бейнелеу өнері бағдарлама талаптарына сай жобаланған, ҰОҚ-де толық онлайн түрде өткізілген. Тәрбиеші балаларға суретін салып көрсетіп, балалар үйде берілген тапсырмаларды орындады.сурет салуда заттық, сюжетті және сәндік суреттер салғызу орындалғаны айтылды. Сонымен бірге меңгеруші төмендегідей кемшіліктер анықталғанын айтып өтті:

Меңгеруші Анарбаева Г топтағы бейнелеу өнері ҰОҚ-де балалар жұмыстары қанағаттанарлық дәрежеде орындалған деп бағалауды ұсынды.

Пед.кеңес төрайымы: Анарбаева Г
Хатшы: Анарбаева Г

**№3 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**Өткізілген уақыты:**

**Қатысқандар саны–** 11

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Іжарты жылдықтығы аралық мониторинг қорытындысы
2. Баяндама «Қиын отбасындағы бала психологиясы»
3.Педагогтармен тәрбиешілердің жарты жылдық есебі.
4. Сурет салудың дәстүрден тыс технологиясы.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша меңгерушісі: Анарбаева Г 1 жартыжылдық мониторинг қорытындысымен таныстырып өтті. Аралық бақылау І жартыжылдық қорытындысы бойынша жүргізіледі, ол әр баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің динамикасын анықтайды.1 жартыжылдықта бес білім беру саласыбойынша алған білімдерін бағалап, нәтижесі анықталып, оқу жылының соңына шейін төмен деңгейдегі балалармен жеке даму картасын жүргізіп жұмыс жасау керектігін айтып өтті.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша әдіскері Г.Анарбаева Ұрпақ тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын негізгі мәселелері болып келгендігі дәлелдеуді қажет етпейдігін айта келе , тәрбие ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс екендігін айтты. Пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін, жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген психологиялық – педагогикалық жүйе болуы керек. Бұл жүйенің ерекшелігі – «қиындардың» түзелу мүмкіндігіне ғана емес, сонымен бірге олардың рухани жағынан да бүтіндей қайта өзгеретіндігіне кәміл сену қажеттігінде деп, Қиын отбасыдағы баланың психологиясы жайлы бірнеше дәлелдеулер айтып өтті. Қиын отбасыдағы балалардың психологиясын бақылау мақсатында мыналарды ұсынды.

1. **Бақылау** – баланың іс- қимылын, сөзін әртүрлі іс- шаралардан, оқу қызметіне ынтасын байқау.
2. **Әңгімелесу-** баламен сөйлесу арқылы оның ішкі дүниесіне ену, проблемасын білу,түсіну және оны шешуге бағыт - бағдар сілтеу.
3. **Сауалнама-** арқылы бала туралы ақпарат жинау. Сауалнаманың мазмұнында негізгі проблема ғана болуы тиіс. Ойы, мінезі, әлеуметтік демографиялық жағдайы, белгілі бір бағыт бойынша қызығушылығы.

**Сұрақтар мынандай түрде болуы мүмкін:**

Сұрақ (дайын жауаптардан керегін бала өзі таңдап алады.)

Өз бетімен жауап беру

Тура жауаптар

Жанама жауаптар

4. **Сұхбаттасу -** алдын ала дайындалған сұрақтарға жауап алу.
   Сұхбаттасу мынандай түрде болуы мүмкін:

қарапайым жағдайда сөйлесу

баланың үнемі болатын ортасында сұхбаттасу
жауап беру мүмкіндігін ескеру-белгілі бір уақыт ішінде жауап беру керектігін айту
үшінші адамның көмегінсіз әңгімелесу;
Мысалы: «**Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу.»қажеттігін айтып өтті.**

**Тыңдалды :** Балабакша әдіскері Г.Анарбаева балабақшаның жарты жылдық жылдық есебін баяндады. Жарты Жылдық есеп бойынша балабақшаның атқарылған жұмыстарын, өткізілген ертеңгіліктері,онлайн түрде өткен жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, электронды түрде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің жоспарын , жүргізген жұмыстарын электронды түрде өткізді.

**4. Тыңдалды:** Балабақшада өткен «Сурет салудың дәстүрден тыс технологиясы» атты семинардың теориялық бөлімі «Сурет салудың дәстүрден тыс технологиясының тиімді қолдану жолдары және ерекшеліктері» тақырыбында жұмыс жүргізілді. «Айгөлек» тобының тәрбиешісі өз баяндамасын оқыды.Онда дәстүрден тыс сурет салудың әрбір жеке түрлеріне тоқталып, оның ерекшелігі мен маңыздылығын атап өтті. Дәстүрден тыс әдіспен сурет салуды үйренген бала өз бетінше кез келген затты әртүрлі мақсатта қолдана білу іскерлігін, шеберлігін дамытады.Барлық түрлерінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталды. Тәрбиешілер өз ойларын айтып, пікірлерімен бөлісті.Оқу қызметтерінде міндетті түрде қолданатындықтарын атап өтті.

**Шешімі:**

**1. Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу тәрбиешіге жүктелсін.**
2.Сурет салудың дәстүрден тыс технологиясы барлық топтарда қолданылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы Г.Анарбаева

Хатшы : Г.Анарбаева

**№4 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**Өткізілген уақыты:**

**Қатысқандар саны–** 11

## КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
2. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.
3. Денсаулық саласы бойынша ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.
4. Сауықтыру шараларының жоспарлануы мен ұйымдастырылуы.

Балабақшамыздың меңгерушісі Анарбаева Г педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

**Тыңдалды** :Балабақша әдіскері Г.Анарбаева сөз алып, Балалақшада балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне , дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар қолданылуы туралы, дене жаттығуы- дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті.. Дене жаттығуы баланың жан- жақты жетілуіне ықпал ететіндігін,Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, . мынадай түрлерге бөлінуін көрсеті.

- Таңертеңгілік жаттығу
- Қимыл- қозғалыс ойындары, спорт ойындары.
- Спорттық жаттығулар.

Балабақшадағы дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері: күн әртібі бойынша сауықтыру шаралары ( таңертеңгілік жаттығу, қимыл- қозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері , ауладан тыс жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар).

Дене шынықтыру балалардың денсаулығын сақтап, нығайтатындығын және дене мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл- қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттыруына ықпал ететіндігін айта өтті..Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізілед деп сөзін аяқтады.

**Сөз сөйлеген : Тәрбиеші Сағынғалиева Л :** Балабақшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кеңестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айтып өтті.

**Тыңдалды: Әдіскер Г.Анарбаева :** Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар,

спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) өткізетіндігіміз туралы айтып,Дене шынықтыру оқу қызметі балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты . Ол әрбір жас топтарында аптасына 2-3 рет өткізіледі. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі.Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады.
Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сүртіну
Дене шынықтыру оқу іс- әрекеті таза ауадағы қимылдық ойындар.
Денсаулықты жақсарту мәселелерін шешу әдістері.
Дәрумендер терапиясы
Психо жаттығулар
Жалпақ табан, омыртқаның қисаюының алдын- алу.
Дем алу, сергіту жаттығулары.
Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті.
**Тыңдалды: Меңгеруші: м.у.а. Г.Анарбаева** сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін ,Денсаулық білім саласының «Тепе теңдікті сақта» тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына , ой-өрісінің дамуына , денсаулығының нығаюына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай ашық сабақтарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін , балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.
**Сөз сөйлегендер**: **Әдіскер-** Анарбаева Г ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.
**ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша тәрбиешісі А.Әшірова «Балабақшада сауықтыру шараларының ұйымдастырыл уы» атты баяндамасын оқыды.**

Жас ұрпақты жан – жақты дамыған, ой — өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашақ азаматтың денсаулығы мықты, мүсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де қайратты болып өсуіне, көпшілдік дағдыларын бойына терең сіңіруіне нақ осы мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады. Сондықтан да бүлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу – балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі.
Бала денсаулығының мықты болып , қозғалыс,дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан , бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады.

1) балаларды шынықтыруды күні бойы және ұйқыдан соң киіндіру кезінде де жүзеге асыру;

2) киіміндегі олқылықты байқай білуге тәрбиелеу, ересектердің көмегімен өзін ретке келтіруді, ұқыптылыққа және тазалыққа рахаттану сезімдерін дамыту;

3) медицина қызметкерінің жетекшілігімен ауада және суда шынықтыру шараларын жүргізу;

4) күнделікті шынықтырудың бір түрі - суды ағызып, қолын шынтаққа дейін жуу. Бөлме температурасы +22°С төмен емес жағдайда баланың денесі толық немесе денесінің бір бөлігі сумен шынықтырылады;

5) арнайы шынықтыру шаралары (ұсынылған тәсілдердің біреуі қолданылады): беліне дейін және бүкіл денесін дымқыл шүберекпен сүрту. Судың температурасын +36°С бастап +28°С жеткенге дейін біртіндеп төмендету (4–5 күн сайын 2 градусқа төмендету). Денесінің белгілі бір бөлігін сүртінуде су температурасын +35°С бастап +23°С дейін (4 күн сайын 2 градусқа төмендету) төмендету, қарама-қарсы температурадағы жылы, салқын су құю: басында су температурасы +36°С бастап +25°С дейін, соңында +38°С бастап+18°С дейін төмендетіледі.

Күтілетін нәтижелер:

– қимылды үйлестірудің бастапқы дағдыларына ие;

– жаттығуларды көзбен бағдарлау арқылы ойын түрінде (жануарлардың қимылдарына еліктеу) педагогпен бірге орындайды;

– күнделікті шынығу тәсілдерін біледі;

– ересектердің көмегімен өзіне-өзі қызмет етудің қарапайым дағдыларын сақтайды. «Денсаулық» білім беру саласы: дене шынықтыру,қауіпсіз мінез-құлық негіздері бөлімдерінен тұрады. Осыған орай жылдық жоспарға балалардың салауатты өмір салтын сақтау және әр баланың ерекшелігіне қарай дене дамуын қалыптастыруға сауықтыру шаралары қаралған,олар: таза ауада дене шынықтыру,ертеңгілік жаттығулар,спорттық ойын-сауықтар,серуен,серуендегі қимылды ойындар, сергіту сәттері,ұйқыдан кейінгі гимнастика,массаж, жалаң аяқ жүру,су процедуралары,-дей келе күн режимін қалай ұйымдастыру керек, Ертеңгілік жаттығуларын, серуен, қимылды ойын жаттығуларын жыл мезгілдерінде қандай жаттығулар,қандай ойындар ұйымдастыру керектігі жөнінде түсіндіріп өтті.Баланың дұрыс тамақтануы да-денсаулық кепілі екенін айтып өтті.

«Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ, дені сау, жан-жақты дамыған салауатты ұрпақ». Сондықтан, ұрпағымыздың болашағы жарқын да кемел болуына ат салысып, дені сау, шыныққан бүлдіршіндер тәрбиелей берейік,-деп аяқтады.

**ШЕШІМ:**

1. Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оқу қызметінде қолданылуы талап етілсін.

2. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынсын.

3. Жас мамандардың ашық оқу қызметіне қатысуы қадағалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Анарбаева Г
Хатшы : Анарбаева Г

## «Бек-Иса» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ
## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

### ХАТТАМА №1

**Өткізілген уақыты:** 27 тамыз 2021 жыл

**Қатысқандар саны– 9**

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшысын сайлау.
2. Балабақша педагогикалық ұжымын 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарымен, оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен (вариативтік компоненттерді қосқанда), перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту. Жауапты әдіскер Г.Анарбаева
3. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту.
4. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту. Жауапты әдіскер Анарбаева Г

**1. ТЫҢДАЛДЫ:**

Балабақша меңгерушісі Г.Мутаева педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2021-2022 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Г.Анарбаева сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕН**: әдіскер Анарбаева Г

2020-2021 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші сайлауды ұйғарды.

**ТЫҢДАЛДЫ:Балабақша меңгеруші:Г.Мутаева**

Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Мутаева жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті.

Тәрбиешілер келелі мәселесі және өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын биылғы оқу жылының міндеттемесіне сәйкестендіріп өзгертіп алғандығын айтып әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:Г.Анарбаева**

Әдіскер жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген.Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

Тәрбиеші 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарының барлық бөлімі нақты көрсетілген. Сондай-ақ балабақшаның жұмысын жетілдіруге және балабақшаның жаңа оқу жылына алған мақсат, міндеттерін шешуге бағытталған. Жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. Педагогтар 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша әдіскері: Г.Анарбаева

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралыҚазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына енгізілген өзгерістері туралы, үлгілік оқу жоспарына сәйкес түзілген ұйымдастырылған оқу қызметі кестесінің үлгісін және 2021-2022 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жоспарының құрылымын басшылыққа алып, жұмыс жүргізу үшін жолданған.Ал үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына келер болсақ, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген.

"Денсаулық" білім беру саласындағы ұйымдастырылған оқу қызметі:

1) дене шынықтыруды

2) қауіпсіз мінез-құлық негіздерін" қамтиды

"Қатынас" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

1) сөйлеуді дамытуды;

2) көркем әдебиетті;

3) сауат ашу негіздерін;

4) қазақ тілін (орыс тілінде оқытатын топтарда), орыс тілін (қазақ тілінде оқытатын топтарда) қамтиды.

"Таным" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

1) сенсориканы (бөбек жасы топтарында – 1-3 жас), математика негіздерін (мектеп жасына дейінгі топтарда – 3-6 жас);

2) құрастыруды;

3) жаратылыстануды қамтиды.

"Шығармашылық" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

1) сурет салуды;

2) мүсіндеуді;

3) жапсыруды;

4) музыканы қамтиды

"Әлеумет" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

1) өзін-өзі тануды;

2) қоршаған ортамен танысуды қамтиды.

. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар Үлгілік оқу жоспарларында белгіленеді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

1) ертежастобы (1 жастанбастап) – ұзақтығы 7-10 минуттан 7 сағат;

2) кіші топ (2 жастанбастап) – ұзақтығы 10-15 минуттан 9 сағат;

3) ортаңғы топ (3 жастанбастап) – ұзақтығы 15-20 минуттан 11 сағат;

4) ересек топ (4 жастанбастап) – ұзақтығы 20-25 минуттан 12 сағат;

5) мектепалдытобы, мектепалдысыныбы (5 жастанбастап) – ұзақтығы 25-30 минуттан - 17 сағат.";

Жаскезеңдеріжәнежастоптары (балалардыңжасы – 1 қыркүйектегітолықжасы) мынадай:

1) бөбекжасы – 0-3 жас:

нәрестелікжас – туғаннанбастап;

ертежас – 1 жастанбастап (ертежастобы);

кішіжас – 2 жастанбастап (кіші топ);

2) мектепкедейінгіжас – 3-6 жас:

орта жас – 3 жастанбастап (ортаңғы топ);

ересекжас – 4 жастанбастап (ересек топ);

мектепалдыжас – 5 жастанбастап (мектепалдытобы, мектепалдысыныбы).

**ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша меңгерушісі: сөйледі.Г.Мутаева

- еңбек заңнамасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның тыныс-тіршілігін және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлердің

(әкімшілік, техникалық персонал) еңбек функцияларын қашықтықтан айқындаймыз.

- тәрбиеленушілердің қозғалысы, балабақша педагогтарының сапалық құрамы, материалдық база, балабақшаның техникалық қызметкерлері туралы мәліметтерді және басқаларды ҰБДҚ толтырып отыру менің міндетім.

- ҰОҚ кестесі құру, педагогтардың қызметі ұйымдастыру, топтың, тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен жеке кеңестерді жүргізу балабақша әдіскері Анарбаева Г және тәрбиешілерге жүктелсін.

Карантин талаптары сақтай отырып, мекемені дезинфекциялап, күнделікті жуып тазалау үшін кезекшілер тізімі құрылсын.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Күн тәртібінде қаралатын мәселе көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекітуге тоқталды. Сол себепті, тәлімгер тәрбиеші бекітілу керек деп ойлаймын. Осы туралы ойларыңызды айтсаңыздар.
**ТЫҢДАЛДЫ:**Бесінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі топтарға жауапты тәрбиешілерді бекітті.

**ШЕШІМ:**
1. Педагогикалық кеңестің құрамына: балабақшаның меңгерушісі (төраға), әдіскер, музыка жетекшісі, психолог, тәрбиешілер бекітілсін.
2. Педагогикалық кеңестің хатшысы болып Анарбаева Г
3. 2021-2022 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
4. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективалық жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

Әшірова А тәлімгер тәрбиеші болып тәрбиешілерге бекітілсін. Тәлімгер тәрбиешінің жас маманмен жұмыс жоспары құрылып, балабақшаның әдіскер кабинетіне тапсырылсын. Жауапты әдіскер.

Оқу жылы барысында дамыту орталықтарында барлық білім беру салалары бойынша көрнекіліктер мен құралдар толықтырылып, топ бөлмелері жыл мезгіліне байланысты безендірілсін. Жауапты топ тәрбиешілері.

Педагогикалық кеңес төрайымы Г.Мутаева
Хатшы :Г.Анарбаева

## «Бек-Иса » БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

## ХАТТАМА №2

**Өткізілген уақыты:** 28 қазан 2021 жыл

**Қатысқандар саны– 9**

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен пед кеңес шешімінің орындалуы.
2. Баланың даму деңгейінің көрсеткіші.
3. Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Меңгеруші Г.Мутаеваөз сөзінде №1 педагогикалық кеңесте:
1. 2021-2022 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін;
2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін;

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕН**: Балабақша әдіскері Анарбаева Г

Жылдық жоспардың негізінде қыркүйек, қазан айларына айлық жоспарлар құрылып, балабақша қызметкерлері сол жоспарға сәйкес жұмыс жүргізді. Жылдық жоспарға қарай тақырыптық оқу қызметі, ата-аналарға кеңес, тәрбиешілерге арналған семинар, балалар жұмысынан көрме, №1 өндірістік отырыс, топтық және жалпы ата-аналар жиналысы әдістемелік отырыстар өттік.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Анарбаева Г

Қазан айының айлық жоспарына сәйкес балабақшаның негізгі «Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту» міндетін шешу мақсатында тәрбиешілер ашық ұйымдастырылған оқу қызметін онлайн түрде өткізген болатын. Ол ашық оқу қызметіне арнайы комиссия құрылып бақылау жасалған. Енді осы бақылаудың қорытындысы бойынша сөз кезегі әдіскерге беріледі деп сөзін аяқтады.

«......................» тобының тәрбиешілері көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметінде ауыз әдебиетін пайдалана білді және баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту бойынша жұмыстар жүргізді. Балалар өздерінің жеке ерекшеліктері мен қабілеттеріне қарай белсенділік таныта білді.

Тәрбиешілердің «Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту» міндетін шешу

мақсатында өткізген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері қанағаттанарлық деп есептелінсін. Осы міндетті шешуге байланысты ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен басқа да жұмыстарды жүргізу жалғастырылсын. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

**ТЫҢДАЛДЫ:** балабақша меңгерушісі Г.Мутаева бастапқы мониторинг қортындысымен таныстырып өтті. Педагогикалық диагностика –бұл баланың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру жағдайы деңгейін зерделеуге және білім беру процесін болжауға бағытталған педагогтың қызметі. Мониторингтің мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың дене, тұлғалық және интелектуалдық қасиеттерінің даму динамикасын анықтау. Сонымен бірге бастапқы мониторинг өткен оқу жылындағы қортынды мониторинг негізінде жасалынатынын айтып өтті. Балабақша бойынша мониторинг көрсеткіші 45 % болғанын айтып, алдағы жыл бойы жақсы нәтижелерге қол жеткізу керектігін айтып өтті. Балабақша тәрбиешілері бес білім беру саласы бойынша балалардың даму мониторингісінің қорытындысын баяндап есептерін тапсырды. Бес білім саласы бойынша балалардың даму мониторингі жақсы деп бағаланды.

**ТЫҢДАЛДЫ: «** Бейнелеу өнерінен балалар жұмысын зерттеу»тақырыпты тексеру қорытындысымен балабақша меңгерушісі Г.Мутаева таныстырып өтті.

«Күншуақ» ересек тобында бейнелеу өнері бағдарлама талаптарына сай жобаланған, ҰОҚ-де толық онлайн түрде өткізілген. Тәрбиеші балаларға суретін салып көрсетіп, балалар үйде берілген тапсырмаларды орындады.сурет салуда заттық, сюжетті және сәндік суреттер салғызу орындалғаны айтылды. Сонымен бірге меңгеруші төмендегідей кемшіліктер анықталғанын айтып өтті:

Меңгеруші Г.Мутаева топтағы бейнелеу өнері ҰОҚ-де балалар жұмыстары қанағаттанарлық дәрежеде орындалған деп бағалауды ұсынды.

Пед.кеңес төрайымы: Г.Мутаева

Хатшы: Г.Анарбаева

## Денсаулық әліппесі

## «Баланың мәдени-гигиеналық шараларын қалыптастыру»

Баланың кіші жастан өз денсаулығын күте білуге үйрете отырып, дені сау, қайратты азамат етіп шығару еліміздің мектепке дейінгі мекемелерінің оқу-тәрбие ісінде басты мақсатқа айналып отыр. Ендеше оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы алдымен баланың денсаулығын сақтай жүргізуге бағытталуы тиіс. .

Денсаулығы түзу болмаған баланың толыққанды білімі мен тәрбиеге ынтасы бола қоймайтынына күнделікті өмірде көз жеткізіп жүреміз. Барлық топтарда баланың денсаулығын сақтау мен нығайтуға көп көңіл бөлінеді. Өйткені дені сау бала оқу процесіне белсене араласады. Әрдайым жайдары көңіл-күйі жоғары болады. Денсаулық бұл баланың физикалық психикалық мүмкіндігін толықтай анықтайтын негізгі жағдайлардың бірі.

Балалардың денсаулығын жоғалтпай білім беру үшін ата-ана, мұғалім, дәрігер үш жақты байланыс орнатып, жұмыла қызмет атқару керек. Салауатты өмір салтын қалыптастыру отбасынан басталып, балабақшада, мектепте жалғасын табады. Тәрбиелік мәні зор іс-шаралар өткізіліп, бір-біріне жалғасып, бірін-бірі толықтырып отырса, баланы жаман әдеттен жирендіріп, күнделікті жақсыны айтып отырсақ, келешек ұрпақтарымыздың дені сау болады.

Деннің саулығы үш нәрсеге байланысты:

— тиімді тамақтануға;

— үнемі қозғалыста болып, дене еңбегімен айналысуға;

— психикалық комфортқа;

Осы үш түсінікті білу және оны сақтау әркімнің міндеті. Ұзақ өмір сүрген адамдардың өмір тіршілігін таңдағанда, салауатты өмір сүру салты деп мына төмендегі факторларды айтуға болады:

— тиімді тамақтану;

— жеке тазалықты сақтау;

— еңбек пен демалысты реттеу;

— дене қозғалысымен айналысу;

— шынығу;

— зиянды әдет — ғұрыптан сақ болу;

— өмір бойы қалыптасқан өмір сүру қалпын сақтау;

— таза ауада болу;

— ұйқы режимін сақтау;

Денсаулық дегеніміз, тек дененің сыртқы бүтіндігі деп қарау ағаттық. Жалпы алғанда оны организмнің жан-жақты дамуымен бүкіл дене қызметтерінің жүзеге дұрыс асырылуы деп ұққан жөн.

Бала денсаулығына байланысты салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында балабақшада уақытылы және толыққанды физиологиялық дамыту үшін келесі факторларды ескеру қажет:

**1)** қолайлы эмоциялық ахуал және тиімді гигиеналық;

**2)** нақты қалыптасқан күн тәртібімен қамтамасыз ету;

**3)** дұрыс тамақтануды ұйымдастыру;

**4)** бала ағзасын жүйелі түрде шынықтырып отыру;

**5)** балалар өмірінде физикалық жаттығуларды кеңінен пайдаланып, күнделікті дағдыға айналдыру;

**6)** әртүрлі аурулардың алдын алу;

**Мәдени-гигиеналық дағдылар.**

Балалардың алғашында үйренген мәдени-гигиеналық дағдыларын өздігінен істеуін үйрету. Балалардың бойындағы дербестік дағдыларын және көңіл -күйдің жақсаруына себеп болатын жағымды әдет-қылықтарды дамытуды қолдау. Әрдайым балаларға кеудесін тік ұстап жүруді ескертіп, естеріне салып отыру. Дастархан басында отыру мәдениеті мен этика ережелерін қалыптастыруды жалғастыру.

Қимыл- қозғалыс техникасымен және олардың орындалуындағы қолдануға болатын әртүрлі әдіс-тәсілдерді ұсыну. Спорттық жаттығуларға, жарыстарға, сайыстарға қызығушылықтарын арттыру. Өз қимыл- қозғалыстық мүмкіндіктерін жақсартуға ынталандырып, олардың орындалуына шығармашылық тұрғысынан қарау қажет. Әртүрлі жағдайда кеудені тік ұстауды үйрету.

Мүмкіндігінше табаны қыртысты аяқ киімдер алу керек. Егер балаңыздың етігінің табаны тегіс болса, аяқ киім шеберханасына барыңызда аяқ киімді қысқы мезгілге лайықтап беруін өтініңіз. Ал үйде болған жағдайда табанына қарапайым жабыстырма жабыстырады, бірақ ол ұзаққа жетпейді. Әсіресе аяқ киім ыңғайлы, қажамайтындай болуы маңызды.

Дала тайғақ болғанда абай болу керек, сырғанақ жерді айналып өту қажет.

ЖАРАҚАТ АЛҒАН ЖАҒДАЙДАҒЫ КӨМЕК

Ең бастысы – өз бетіңізше емделуге болмайтындығын және ұзақ уақыт дәрігерге көрінбей жүре беруге болмайтындығын түсінуіңіз қажет.

Сіңірдің созылуы

Белгілері – қозғалыс кезінде қатты ауырады, іседі, қанталайды.

Не істеу керек? Орап байлау қажет (жұмсақ дәкемен), буынның қозғалмауын қадағалайсыз және дәрігерге көрінесіз. Ісіктің басылуы үшін ауырған жерге салқын суға малынған матаны басуға немесе мұз қоюға болады (бірақ 1-2 сағаттан артық емес). Ауруды басатын дәрілер ішуге болады.

Буынның шығуы

Белгілері – қатты ауырып іседі, қозғалтпайды, буынның түрі өзгереді.

Не істеу керек? Өз бетіңізше буынның шығуын түзетуге тырыспаңыз, бұл науқасты жанына батып ауыртады және қосымша жарақат алуы мүмкін. Жарақат алған буынды қозғалыссыз тыныш қою керек: бинтпен орап шәлі немесе белдікпен іліп қою, аяққа түзу ағаш байлау қажет немесе екінші аяққа қосып байлап қою қажет. Бөксе шығып кетсе – науқасты сау жағына жатқызып қозғамау керек. Ауруды азайту үшін – жарақатқа мұз немесе салқын су басып, дәрілер беру қажет.

Өте қажет болған жағдайда, дәрігер шақыру мүмкін болмаса – науқасты аса сақтықпен көлікке отырғызып ауруханаға өздеріңіз алып барыңыздар.

Сынық

Белгілері – аяқ-қолды қозғағанда өте қатты ауырады, ақырын тигенді де сезеді. Сынған орын өзгеріп, терінің түсі өзгеріп ісініп кетеді.

Не істеу керек? Сынған сүйекті қозғамай мүмкіндігінше тыныштық бер, қолда бар ағашпен байла немесе сынған аяқ-қолды сауына немесе денеге қосып байла. Жарақат алған адамға анальгин дәрісін беріңіз, жарақатқа суық зат басыңыз. Қанап жатқан болса стерильденген мата байла. «Жедел жәрдем» шақырыңыз, егер мүмкін болса жолшыбай көлікпен жақын жердегі медициналық мекемеге алып барыңыз, өте сақ болыңыз.

Бас жарақаты

Белгілері – ішінара немесе толығымен есінен тану, құсқысы келеді, тамыр соғысы бәсеңдейді, қан қысымы өзгереді.

Не істеу керек? Науқасты жалқасынан жатқызыңыз, басын бұрыңыз, салқын нәрсе қойыңыз. «Жедел жәрдем» шақырыңыз және ол келгенше жарақат алушыға қозғалуға мүмкіндік бермеңіз.

**№3 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**Өткізілген уақыты:**

**Қатысқандар саны–** 9

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Іжарты жылдықтығы аралық мониторинг қорытындысы
2. Баяндама «Қиын отбасындағы бала психологиясы»
3.Педагогтармен тәрбиешілердің жарты жылдық есебі.

**ТЫҢДАЛДЫ:**Балабақша меңгерушісі:Г.Мутаева 1 жартыжылдық мониторинг қорытындысымен таныстырып өтті. Аралық бақылау І жартыжылдық қорытындысы бойынша жүргізіледі, ол әр баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің динамикасын анықтайды.1 жартыжылдықта бес білім беру саласыбойынша алған білімдерін бағалап, нәтижесі анықталып, оқу жылының соңына шейін төмен деңгейдегі балалармен жеке даму картасын жүргізіп жұмыс жасау керектігін айтып өтті.

**ТЫҢДАЛДЫ:**Балабақша әдіскері Г.Анарбаева **:** Ұрпақ тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын негізгі мәселелері болып келгендігі дәлелдеуді қажет етпейдігін айта келе , тәрбие ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс екендігін айтты.Пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін, жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген психологиялық – педагогикалық жүйе болуы керек. Бұл жүйенің ерекшелігі – «қиындардың» түзелу мүмкіндігіне ғана емес, сонымен бірге олардың рухани жағынан да бүтіндей қайта өзгеретіндігіне кәміл сену қажеттігінде деп, Қиын отбасыдағы баланың психологиясы жайлы бірнеше дәлелдеулер айтып өтті. Қиынотбасыдағыбалалардыңпсихологиясынбақылаумақсатындамыналардыұсынды.

1. **Бақылау –** баланың іс- қимылын, сөзін әртүрлі іс- шаралардан, оқу қызметіне ынтасын байқау.
2. **Әңгімелесу-** баламен сөйлесу арқылы оның ішкі дүниесіне ену, проблемасын білу,түсіну және оны шешуге бағыт - бағдар сілтеу.
3. **Сауалнама-** арқылы бала туралы ақпарат жинау. Сауалнаманың мазмұнында негізгі проблема ғана болуы тиіс. Ойы, мінезі, әлеуметтік демографиялық жағдайы, белгілі бір бағыт бойынша қызығушылығы.

**Сұрақтар мынандай түрде болуы мүмкін:**

Сұрақ (дайын жауаптардан керегін бала өзі таңдап алады.)

Өз бетімен жауап беру

Тура жауаптар

Жанама жауаптар

4. **Сұхбаттасу -** алдын ала дайындалған сұрақтарға жауап алу. Сұхбаттасу мынандай түрде болуы мүмкін:

қарапайым жағдайда сөйлесу
баланың үнемі болатын ортасында сұхбаттасу
жауап беру мүмкіндігін ескеру-белгілі бір уақыт ішінде жауап беру керектігін айту
үшінші адамның көмегінсіз әңгімелесу;
Мысалы: «**Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу.»қажеттігін айтып өтті.**

**Тыңдалды :** Балабақша әдіскері Г.Анарбаева балабақшаның жарты жылдық жылдық есебін баяндады. Жарты Жылдық есеп бойынша балабақшаның атқарылған жұмыстарын, өткізілген ертеңгіліктері,онлайн түрде өткен жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, электронды түрде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің жоспарын , жүргізген жұмыстарын электронды түрде өткізді.

**Шешімі:**

**1. Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу тәрбиешіге жүктелсін.**

Педагогикалық кеңес төрайымы Г.Мутаева

Хатшы : Г.Анарбаева

**№4 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**Өткізілген уақыты:**

**Қатысқандар саны–** 9

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
2. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.
3.Денсаулық саласы бойынша ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.
4. Сауықтыру шараларының жоспарлануы мен ұйымдастырылуы.

Балабақшамыздың меңгерушісі Г.Мутаева педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

**Тыңдалды** :Балабақша әдіскері Г.Анарбаева сөз алып, Балалақшада балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне , дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар қолданылуы туралы, дене жаттығуы- дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті.. Дене жаттығуы баланың жан- жақты жетілуіне ықпал ететіндігін,Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, . мынадай түрлерге бөлінуін көрсеті.

- Таңертеңгілік жаттығу
- Қимыл- қозғалысойындары, спорт ойындары.
- Спорттық жаттығулар.

Балабақшадағыденетәрбиесінұйымдастырудыңтүрлері: күнәртібібойыншасауықтырушаралары( таңертеңгілікжаттығу, қимыл-қозғалысойындары, серуенкезіндегіжаттығулар мен спорттықойындар, сергітусәттері , ауладантысжергесаяхатжасау, спорттықойынсауықтар). Денешынықтырубалалардынденсаулығынсақтап, нығайтатындығынжәнеденемүсінініңсұлулығынқалыптастырып, қимыл-қозғалысқабілетініңбелсенділігінарттыруынаықпалететіндігінайтаотті..Денісау, рухы таза ұрпақөсіруеңмаңыздымәселедейотырып, біздіңбалабақшадағыбастыміндетіміз: баланыңденсаулығыннығайту, шынықтыру, түрліаурулардыңалдын-алусақтанужұмыстарындәстүрдентысәдістердіқолдануарқылыжүргізіледдепсөзінаяқтады.

**Сөз сөйлеген : Тәрбиеші Баймулдаева Азимова Динара:** Балабақшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кеңестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айтып өтті.

**Тыңдалды: Әдіскер Г.Анарбаева :**Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) өткізетіндігіміз туралы айтып,Дене шынықтыру оқу қызметі балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты . Ол әрбір жас топтарында аптасына 2-3 рет өткізіледі. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі.Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады.
Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сүртіну
Дене шынықтыру оқу іс- әрекеті таза ауадағы қимылдық ойындар.
Денсаулықты жақсарту мәселелерін шешу әдістері.
Дәрумендер терапиясы
Психо жаттығулар
Жалпақ табан, омыртқаның қисаюының алдын- алу.
Дем алу, сергіту жаттығулары.
Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті.
**Тыңдалды: Меңгеруші А.Әмір**сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін ,Денсаулық білім саласының «Тепе теңдікті сақта» тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына , ой-өрісінің дамуына , денсаулығының нығаюына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай ашық сабақтарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін , балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.
**Сөз сөйлегендер**: **Әдіскер-** Анарбаева Г ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.
**ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша тәрбиешісі Дошманова «Балабақшада сауықтыру шараларының ұйымдастырыл уы» атты баяндамасын оқыды.**

Жас ұрпақты жан – жақты дамыған, ой — өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашақ азаматтың денсаулығы мықты, мүсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де қайратты болып өсуіне, көпшілдік дағдыларын бойына терең сіңіруіне нақ осы мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады. Сондықтан да бүлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу – балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі.
Бала денсаулығының мықты болып , қозғалыс,дене құрылысының дұрыс жетілуі

мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан , бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады.

1) балаларды шынықтыруды күні бойы және ұйқыдан соң киіндіру кезінде де жүзеге асыру;

2) киіміндегі олқылықты байқай білуге тәрбиелеу, ересектердің көмегімен өзін ретке келтіруді, ұқыптылыққа және тазалыққа рахаттану сезімдерін дамыту;

3) медицина қызметкерінің жетекшілігімен ауада және суда шынықтыру шараларын жүргізу;

4) күнделікті шынықтырудың бір түрі - суды ағызып, қолын шынтаққа дейін жуу. Бөлме температурасы +22°С төмен емес жағдайда баланың денесі толық немесе денесінің бір бөлігі сумен шынықтырылады;

5) арнайы шынықтыру шаралары (ұсынылған тәсілдердің біреуі қолданылады): беліне дейін және бүкіл денесін дымқыл шүберекпен сүрту. Судың температурасын +36°С бастап +28°С жеткенге дейін біртіндеп төмендету (4–5 күн сайын 2 градусқа төмендету). Денесінің белгілі бір бөлігін сүртінуде су температурасын +35°С бастап +23°С дейін (4 күн сайын 2 градусқа төмендету) төмендету, қарама-қарсы температурадағы жылы, салқын су құю: басында сутемпературасы +36°С бастап +25°С дейін, соңында +38°С бастап+18°С дейін төмендетіледі.

Күтілетін нәтижелер:

– қимылды үйлестірудің бастапқы дағдыларына ие;

– жаттығуларды көзбен бағдарлау арқылы ойын түрінде (жануарлардың қимылдарына еліктеу) педагогпен бірге орындайды;

– күнделіктішынығутәсілдерінбіледі;

– ересектердің көмегімен өзіне-өзі қызмет етудің қарапайым дағдыларын сақтайды. «Денсаулық» білім беру саласы: дене шынықтыру,қауіпсіз мінез-құлық негіздері бөлімдерінен тұрады. Осыған орай жылдық жоспарға балалардың салауатты өмір салтын сақтау және әр баланың ерекшелігіне қарай дене дамуын қалыптастыруға сауықтыру шаралары қаралған,олар: таза ауада дене шынықтыру,ертеңгілік жаттығулар,спорттық ойын-сауықтар,серуен,серуендегі қимылды ойындар, сергіту сәттері,ұйқыдан кейінгі гимнастика,массаж, жалаң аяқ жүру,су процедуралары,-дей келе күн режимін қалай ұйымдастыру керек, Ертеңгілік жаттығуларын, серуен, қимылды ойын жаттығуларын жыл мезгілдерінде қандай жаттығулар,қандай ойындар ұйымдастыру керектігі жөнінде түсіндіріп өтті.Баланың дұрыс тамақтануы да-денсаулық кепілі екенін айтып өтті.

«Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ, дені сау, жан-жақты дамыған салауатты ұрпақ». Сондықтан, ұрпағымыздың болашағы жарқын да кемел болуына ат салысып, дені сау, шыныққан бүлдіршіндер тәрбиелей берейік,-деп аяқтады.

**ШЕШІМ:**

1. Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оқу қызметінде қолданылуы талап етілсін.

2. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынсын.

3. Жас мамандардың ашық оқу қызметіне қатысуы қадағалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Г.Мутаева

Хатшы : Г.Анарбаева

**№5 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**Өткізілген уақыты: -------------------**

**Қатысқандар саны–** 9

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. №4 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау
2. Оқу процесінің жылдық қорытындысы.
3.Жаз мезгілінің жылдық жоспарын бекіту.

Балабақшамыздың меңгерушісі Г.Мутаева педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша №4 педагогикадық кеңестің шешімі талқыланды . Бала денсаулығының нығаюына арналған іс шаралардың жоспары көрсетіліп, балалармен жасалған жұмыстардың есебі оқылып, суреттері көрсетілді. Және жас мамандардың ашық оқу қызметіне үнемі қатысып, өз тәжірибелерін кеңейтіп жатқандығы туралы сөз қозғалды.

**3. Сөйледі :**Тәрбиешілер жеке жеке топтағы әрбір баланың денсаулығының нығаюы мен дағдыларының калыптасуына әсер ету мақсатында жыл бойы атқарылған жұмыстарының қорытынды есебін оқып талқыланды.

**4. Тыңдалды: Меңгеруші Г. Мутаева** сөз алып, Жаз мезгілінің жоспарымен таныстырып және бекітілп берілді .

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы негізінде балаларды тұрақты немесе уақытша орналасуға қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі. Елді мекеннің ішінде бір мектепке дейінгі ұйымнан басқасына орын алмастыру жас топтары сәйкес келген жағдайда, ата-аналардың және мектепке дейінгі ұйым басшыларының келісімімен жүзеге асырылады.Мектепке дейінгі ұйым қызметі екі кезеңге бөлінеді:

1)1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеру кезеңі;
2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.
3) 1 қыркүйекте 6 (7) жасқа толған балалар мектепке дейінгі ұйымнан жыл сайын 1 тамызға дейін босатылады;
4) балаларды бір жас тобынан басқасына ауыстыру ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат негізінде бөбекжайда 1 маусымнан бастап жазғы сауықтыру кезеңі басталады. 2021-2022 оқу жылының жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары дайындалып, меңгеруші Г.Мутаева бекітті. Жоспар бойынша аптаның 4 күні жазғы

кестеге сәйкес жеңілдетілген оқу қызметтері өткізіледі. Аптаның бесінші күні апталық тақырыпты қорытындылау нәтижесінде ойын-сауық өткізіледі. Ойын-сауыққа жауапты педагогтар бекітілді. Балаларды жазғы кезеңде дене-сауықтыру жұмысы (спорттық және қимылды ойындар, таңертеңгі гимнастика, сергіту сәттері, музыкалық-ырғақтық қимылдар, дербес қимыл белсенділігі, ұсақ моториканы дамыту ойындары, тыныс алу жаттығулары, көзге арналған гимнастика және т.б.), тиімді тамақтануды ұйымдастыру, шынықтыру (күннің көзіне қыздырыну, серуендер, жорықтар, жарыстар және т.б. сауықтыру жүйесін қамтиды. Мектепке дейінгі ұйымда жаз кезеңі шығармашылық, сауықтыру мен қарым-қатынас, ойындар, сауық-кештер, бірлескен және жеке еңбек, тәжірибелік-эксперименттік әрекет түрлерін де қамтиды.

**Шешім:**

.
Жазғы сауықтыру –шынықтыру іс шараларының жоспарының орындалуы қадағалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Г.Мутаева
Хатшы :Г.Анарбаева